# ЗАҢ



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ЮРИДИЧЕСКИЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№10 | 2026

ZANMEDIA.KZ

**Айжан Молдағалиева,**
PhD докторы, OMIR INNOVATION UNIVERSITY қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, заңгер:

## ӘЙЕЛ ҚҰҚЫҒЫ – АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

3-БЕТ

# ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

**№10 | 2026**

**МЕНШІК ИЕСІ:**
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі



Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор
**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:**

**А. АХПАНОВ,**
з.ғ.д., профессор

**К. АЙТХОЖИН,**
д.ю.н., профессор

**Е. ӘБДІРАСҰЛОВ,**
з.ғ.д., профессор

**Б. БОРУБАШЕВ,** з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

**К. МАУЛЕНОВ,**
з.ғ.д., профессор

**С. СӘБІКЕНОВ,**
з.ғ.д., профессор

**Қ. ДОСАЛИЕВ,**
з.ғ.д., профессор

**В. ШУМИЛОВ,**
Ресейлік Ішкі сауда
академиясында кафедра
меңгерушісі,
з.ғ.д., профессор,

**РЕДАКТОРЫ**
Түймегүл ИБАШЕВА


# М А З М Ұ Н Ы


*Әйел құқығы – адам құқығы*
**А. ЕРБОЛҚЫЗЫ** ..... 4

*Конец эпохи «серых» договоров ГПХ*
**Т. АБАЙДЕЛЬДИНОВ, А. МАРГУЛАН** ..... 12

*Мәмілелер тұрмыста күнделікті кездеседі*
**А. УМАРОВ** ..... 16

*Порядок кассационного обжалования*
**А. ЖЕНИСХАН** ..... 18

*«Справедливый Казахстан»*
**А. НУРБОЛАТОВ** ..... 21

*Жеке сот орындаушыларға шағымдану негіздері*
**А. АБИЛГАЗИНА** ..... 24

*«Семейный правовой минимум»*
**З. БАКИ** ..... 26

*Еңбек дауын сотқа дейін реттеудің міндетті сатысы*
**Ш. АБИЛХАСОВА** ..... 29

*Залог согласия*
**К. МУСАУРОВА** ..... 31

*Сот тәжірибесі және құқықтық реформаның жаңа кезеңі*
**Г. ШАЯНОВА** ..... 35

*Сот процесіне қатысушылардың мәдениеті*
**Г. БАЙБЕКОВА** ..... 38

*Нотариаттық іс-әрекеттегі жаңашылдық*
**Г. АКЫЛАЕВА** ..... 40

*цифрлық трансформацияның жаңа жетістігі*
**ҚР ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ** ..... 41

*Электронные браслеты как средство контроля*
**А. БАЛАБЕКОВ** ..... 43

*Защита граждан и юридических лиц*
**И. ДЕЗИЕВ** ..... 44

*Шетелге жұмыс іздеп кеткен азаматты кім қорғайды?*
**А. МӘУЛЕНБАЙ** ..... 46

*Педагог – құқықтық мәдениеттің негізін қалаушы*
**А. ҚОЖАҒҰЛ** ..... 48



## ӨМІРДЕРЕК

*Айжан Сүндетқызы МОЛДАҒАЛИЕВА, 1986 жылғы 22 ақпанда Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданының Чапаев ауылында дүниеге келген. Бала кезінен білімге деген құштарлығымен, зеректігімен және ізденімпаздығымен ерекшеленіп, оқу мен білімді өмірінің басты бағдарына айналдыра білді.*

*Оның тұлға ретінде қалыптасуына отбасындағы тәлім-тәрбие мен әке өнегесінің ықпалы ерекше болды. Әкесі Сүндет Молдағалиев — полиция подполковнигі, Ақжайық аудандық ішкі істер бөлімінде ұзақ жылдар бойы тергеуші қызметін атқарып, құқық саласында абыройлы еңбек еткен азамат. Әкесінің заң мен құқық саласындағы кәсіби жолы жас ғалымның да болашақ мамандығын таңдаудағы өмірлік бағдарын айқындады.*

*Айжан Сүндетқызы мектепті тәмамдағаннан кейін Алматы қаласындағы Абай атындағы ҚазҰПУ-дің заң факультетіне оқуға түседі. Университеттегі студенттік жылдары ізденіс пен кәсіби қалыптасу кезеңіне айналып, 2008 жылы оқу орнын үздік дипломмен тәмамдайды.*

*Еңбек жолын сол жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінде лаборант қызметінен бастаған жас маман білім мен ғылымды қатар алып жүруге ұмтылып, 2010–2012 жылдары магистратурада оқыды.*

*2011 жылдан бастап 2021 жылға дейін Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасында ассистент, оқытушы, аға оқытушы қызметтерін атқарып, ұстаздық пен ғылыми-зерттеу жұмысының қыр-сырын меңгерді.*

*«Ұстазы мықтының – ұстамы мықты» демекші, ұстаз, көрнекті ғалым, профессор Ләззат Қалымбекқызы Еркінбаева қалыптастырған экология, жер, аграрлық құқық және тау-кен құқығы ғылыми мектебінде құқық ғылымына өзіндік үлесін қосуға ұмтылған ізденімпаз зерттеуші ретінде де шыңдала түсті. Органикалық ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі мен айналымы, азық-түлік қауіпсіздігі, су құқығы саласындағы гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жайылымдық экожүйелерді ұтымды пайдалану мен қорғауды құқықтық реттеу мәселелері бойынша ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетімен бекітілген гранттық жобалардың ғылыми қызметкері. 30-дан астам ғылыми еңбектің авторы, оның ішінде 2 монография, 3 оқу құралы жарық көрді.*

*Кәсіби қызметінің келесі кезеңінде Айжан Молдағалиева университеттің құқықтық және әкімшілік-құжаттық қызмет саласындағы жауапты жұмыстарды атқарды. 2018 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Әкімшілік департаментінің заң бөлімінде бас маман, 2021–2024 жылдары Заң және құжаттармен қамтамасыз ету департаментінде бас маман болды. 2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қазіргі таңда OMIR INNOVATION UNIVERSITY қауымдастырылған профессорының міндетін атқарушы, заңгер қызметін атқарады.*

*Кәсіби қызметімен бірге ғылыми ізденіске де ден қойған Айжан Сүндетқызы 2023–2025 жылдары І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 8D04201 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша докторантурада білім алды.*

*2026 жылы 29 маусымда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың докторлық диссертациялық кеңесінде «Қазақстан Республикасында органикалық ауыл шаруашылығы өндірісін құқықтық реттеу: ұлттық және шетелдік тәжірибе» тақырыбындағы докторлық диссертациясын сәтті қорғап, философия докторы (PhD) дәрежесіне ие болды. Бұл жетістік – оның құқық саласындағы көпжылдық кәсіби тәжірибесі мен ғылыми ізденісінің заңды нәтижесі, сондай-ақ отандық құқық ғылымына қосқан өзіндік үлесінің айқын көрінісі.*

*Ғылымды қоғамдық өмірмен сабақтастыра білген жас ғалым әлеуметтік маңызы зор мәселелерді зерттеуге де айрықша көңіл бөледі. Қазіргі таңда ол зорлық-зомбылық құрбаны болған балалардың, әйелдер мен жасөспірім қыздардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, зорлық-зомбылықтың алдын алудың тиімді құқықтық тетіктерін қалыптастыру мәселелері бойынша ғылыми ізденістер жүргізіп келеді.*

**Айжан МОЛДАҒАЛИЕВА,**
*PhD докторы, OMIR INNOVATION UNIVERSITY қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, заңгер:*

# ӘЙЕЛ ҚҰҚЫҒЫ – АДАМ ҚҰҚЫҒЫ



*Сиянь университетінде дәріс оқу сәті*

**– Айжан Сүндетқызы соңғы жылдары әйелдер мен жасөспірім қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың түрлері көбеюде, сондай-ақ, тұрмыстық, сексуалдық, психологиялық, моральдық және экономикалық зорлық-зомбылықтың құқықтық тұрғыдағы айырмашылығының аражігін ашып берсеңіз?**

– Әйелдер мен жасөспірім қыздарға қатысты зорлық-зомбылық әртүрлі нысанда көрініс табады. Тұрмыстық ортадағы күш көрсету, сексуалдық, психологиялық және экономикалық қысым ерекше назар аударуды қажет етеді. Құқықтық тұрғыдан алғанда, ең алдымен, «тұрмыстық зорлық-зомбылық» пен «зорлық-зомбылықтың» нақты түрлерін ажырату қажет. Тұрмыстық зорлық-зомбылық – отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында жасалатын құқыққа қайшы әрекеттерді сипаттайтын кең ұғым. Қазақстан заңнамасында ол күш көрсету, психологиялық қысым жасау, сексуалдық зорлық-зомбылық және экономикалық қысым жасау түрінде көрінуі мүмкін. Күш көрсету адамға тікелей күш қолданумен байланысты. Оған ұру, дене жарақатын салу, денсаулыққа зиян келтіру және өзге де физикалық ықпал ету әрекеттері жатады. Мұнда негізгі қолсұғылмайтын құндылықтарға адамның өмірі мен денсаулығы және оның физикалық дене бітімі кіреді. Ал сексуалдық зорлық-зомбылық адамның жыныстық тиіспеушілігіне немесе жыныстық еркіндігіне қолсұғатын қасақана құқыққа қайшы әрекеттерді қамтиды. Кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы әрекеттер де осы санатқа кіреді.

Нақты әрекеттің сипатына қарай мұндай іс-әрекеттер Қылмыстық кодекс (бұдан әрі – ҚР ҚК) бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкелуі мүмкін. Мысалы, осы кодекстің 121-бабында сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері үшін жауаптылық көзделген. Психологиялық зорлық-зомбылық немесе психологиялық қысым – адамды

қорқыту, қорлау, бопсалау, мәжбүрлеу, оның ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсіту арқылы психикасына қасақана әсер ету. Мұндай жағдайда адамның денесіне жарақат түспесе де, оның психологиялық қауіпсіздігіне, еркіндігіне және қалыпты дамуына елеулі зиян келуі ықтимал. Әсіресе, жасөспірімдерге қатысты мұндай әрекеттер баланың психикалық және тұлғалық дамуына әсер етуі мүмкін. Экономикалық зорлық-зомбылық немесе экономикалық қысым адамның материалдық дербестігін шектеумен байланысты. Оның көріністеріне қажетті ақшалай қаражаттан, тұрғын үйден, тамақтан немесе киімнен айыру, сондай-ақ, жеке басын немесе мүліктік құқықтарын растайтын құжаттарын алып қою сияқты әрекеттер жатуы мүмкін. Яғни, экономикалық зорлықтың ерекшелігі – жәбірленушіні материалдық тәуелді жағдайға түсіру немесе оның негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз ету мүмкіндігін шектеу. Ал «моральдық зорлық-зомбылық» ұғымына келгенде терминологиялық нақтылық қажет. Себебі, қолданыстағы тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы заңнамада ол жеке дербес түр ретінде көрсетілмейді. Қорлау, кемсіту, қорқыту, бопсалау тәрізді әрекеттер мазмұнына қарай психологиялық қысым немесе психологиялық зорлық-зомбылық аясында қарастырылады. Сондықтан құқықтық сұхбатта «моральдық зорлық-зомбылық» дегеннен гөрі заңнамада қолданылатын «психологиялық қысым жасау» немесе «психологиялық зорлық-зомбылық» терминдерін қолданған дұрыс.

Жалпы алғанда, бұл нысандардың құқықтық айырмашылығы қандай игілікке қол сұғылатынына және әрекеттің тәсіліне байланысты: күш көрсету кезінде адамның денсаулығы мен дене қолсұғылмаушылығына, ал сексуалдық зорлықта жыныстық еркіндігі мен жыныстық тиіспеушілігіне, психологиялық қысымда психикалық қауіпсіздігіне, әйелдер мен жасөспірім қыздардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне, экономикалық қысымда материалдық және әлеуметтік дербестігіне қолсұғылады. Сондықтан зорлық-зомбылықты тек дене жарақатымен байланыстыру дұрыс емес. Құқықтық қорғау адамның физикалық қауіпсіздігімен қатар оның жыныстық еркіндігін, психологиялық саулығын және материалдық дербестігін де қамтиды. Әсіресе, кәмелетке толмаған қыздарға қатысты мұндай әрекеттердің қоғамдық қауіптілігі жоғары болғандықтан, олардың құқықтарын қорғау мен зорлық-зомбылықтың алдын алу ерекше маңызға ие.

**– Зорлық-зомбылық фактісін анықтауда қандай белгілерге назар аудару қажет?**

– Зорлық-зомбылық фактісін анықтағанда тек дене жарақатына емес, адамның мінез-құлқына, оған жасалып жүрген қысымға, қорқытуға, құдалауға, еркіндігін шектеуге және мұндай әрекеттердің қайталануына назар аудару қажет. Кейде ауыр қылмысқа дейін жәбірленушінің қауіпсіздігіне қатер төнгенін көрсететін бірқатар белгілер алдын ала байқалуы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, Нұрай Серікбайдың ісі өте маңызды мысал. Сот Шерхан Аймаханды Нұрайды аса қатыгездікпен өлтіру, сталкинг және некеге тұруға мәжбүрлеу бойынша кінәлі деп танып, өмір бойына бас бостандығынан айырды. Іс материалдарында қайғылы оқиғаға дейін Нұрайдың ұзақ уақыт бойы құдалауға ұшырағаны айтылды. Тергеу нұсқасы бойынша, ол қызды өзінің еркіне қарсы некеге тұруға мәжбүрлеуге әрекет жасаған, ал құдалау кейін де тоқтамаған.

Сотта зерттелген деректердің бірінде оның Нұрайға бір күннің өзінде 76 рет қоңырау шалғаны көрсетілді. Сондықтан Нұрайдың ісінде назар аударуға тиіс алғашқы белгі – сталкинг, яғни, адамның еркіне қарамастан жүйелі түрде құдалау. Үнемі телефон соғу, хабарлама жіберу, артынан қалмау, кездесуге мәжбүрлеу, қайда жүргенін бақылауға тырысу немесе қарым-қатынасты тоқтатқысы келген адамның шешімін қабылдамау – мұның бәрін жай ғана «қызғаныш» немесе «сезімін білдіру» деп бағалауға болмайды. Мұндай әрекеттер адамның қауіпсіздігіне нақты қатер төндіретін мінез-құлық. Екінші белгі – «жоқ» деген жауапты қабылдамау. Нұрайдың ісі бойынша жарияланған сот материалдарында оның қарым-қатынасты тоқтатуға әрекет жасағаны, ал сотталған адамның оны құдалауын жалғастырғаны көрсетілді. Мемлекеттік айыптаушы сотта Нұрайдың телефон нөмірлерін ауыстыруға және Алматыда жасырынуға мәжбүр болғанын да мәлімдеді. Бұл – жәбірленушінің өзін қорғауға тырысқанын көрсететін өте маңызды белгі. Үшінші белгі – мәжбүрлеу және адамның таңдау еркіндігін шектеу. Нұрай ісінде сот некеге тұруға мәжбүрлеу фактісі бойынша да кінәлі деп таныды. Неке тек екі адамның ерікті әрі толық келісіміне негізделуге тиіс. Сондықтан «менімен бірге боласың», «маған тұрмысқа шығуың керек» деген талап қорқытумен, құдалаумен немесе күш қолданумен қатар жүрсе, оны тұрмыстық немесе жеке қарым-қатынастағы қарапайым жанжал ретінде қарастыруға болмайды. Төртінші маңызды белгі – қорқыту мен қысымның біртіндеп күшеюі.



*ҚХР Сиянь университеті, 2024 жыл*

Зорлық-зомбылық бірден адам өлтіруден басталмайды. Зорлық кейде көзге көрінбейтін қысымнан басталады. Ол адамның жеке шекарасын мойындамаудан, шамадан тыс бақылаудан, қайта-қайта телефон шалудан, соңынан қалмай құдалаудан немесе мәжбүрлеуден басталып, кейін физикалық күш қолдануға ұласуы мүмкін. Нұрайдың ісіндегі қайғылы нәтиже де осындай белгілерге қоғам мен құқық қорғау органдарының ерте кезеңде қаншалықты мұқият қарауы керектігін көрсетеді. Бұл істегі тағы бір маңызды мәселе – жәбірленушінің бұған дейін көмек сұрауы немесе қауіп туралы хабарлауы.

Егер адам «мені аңдып жүр», «маған қайта-қайта қоңырау шалады», «қорқытады», «тұрмысқа шығуға мәжбүрлейді», «одан қорқамын» деп айтса, мұндай сөздерді тұрмыстық жанжал ретінде жеңіл қабылдамау қажет. Әрбір осындай хабарлама ықтимал қауіптің деңгейін бағалауды талап етеді. Сондықтан Нұрай Серікбайдың ісінен шығатын маңызды құқықтық қорытынды, яғни, зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін оның соңғы, ең ауыр салдарын күтпеу керек. Сталкинг, қорқыту, адамның «жоқ» деген жауабын қабылдамау, некеге немесе қарым-қатынасқа мәжбүрлеу, байланыстарын бақылау және жүйелі құдалау – қауіптің ерте белгілері болып саналады. Нұрайдың оқиғасы бізге бір маңызды нәрсені көрсетті: зорлық-зомбылықты тек соққы жасалған сәттен бастап емес, адамның еркіндігі мен қауіпсіздігіне жүйелі түрде қолсұғыла бастаған кезден бастап байқау қажет.

**– Жасөспірім қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алуда ата-аналар мен білім беру ұйымдарының жауапкершілігі қандай?**

– Жасөспірім қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу – тек құқық қорғау органдарының міндеті емес. Бұл жерде ата-ана мен білім беру ұйымы баланың айналасындағы ең жақын қауіпсіздік ортасын қалыптастыратын негізгі тараптар. Олардың басты міндеті – зорлық орын алғаннан кейін ғана әрекет ету емес, қауіптің алғашқы белгілерін ерте байқап, оған дер кезінде ден қою.

Ата-ананың жауапкершілігі, ең алдымен, баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, тәрбиесі мен қалыпты дамуына жағдай жасаудан тұрады. Қазақстан заңнамасында кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу оны әлеуметтік ортаның теріс әсерінен қорғауға бағытталған үздіксіз процесс ретінде қарастырылады. Бірақ, ата-ананың міндетін тек «баланың кіммен жүргенін бақылау» деп түсінуге болмайды. Жасөспірім қыздың ата-анасына қорықпай сырын айта алуы маңызды. Егер қыз «мені біреу аңдып жүр», «қайта-қайта телефон соғады», «мені қорқытады», «мектепте тиіседі» десе, оны кінәлау немесе елемеу қауіпті.

Бала зорлық туралы өзі айтқан жағдайда оның сөзі елеусіз қалмау керек. Ата-ана мұндай ақпаратты ықтимал қауіп белгісі ретінде қабылдап, қажет болған жағдайда мектепке, полицияға немесе балалардың құқықтарын қорғау органдарына жүгінуі тиіс. Қолданыстағы тәртіп бойынша ерекше назар аударуды қажет ететін кәмелетке толмаған туралы ақпарат түскен кезде білім беру ұйымында ол тіркеліп, тиісті сүйемелдеу шаралары қарастырылады. Ал зорлық-зомбылық пен буллингке ұшыраған балаларға көмек көрсетпеу немесе мұндай ақпаратқа ден қою тәртібін сақтамау білім беру ұйымдарының лауазымды адамдары үшін заңда жауаптылық көзделген. Меніңше, алдын алудағы ең маңызды қағида – «баланы бақылау» емес, «баланы есту». Ата-ана баланың сенетін адамы болуы, ал мектеп бала өзін қауіпсіз сезінетін орта болуы тиіс.

**– Зорлық-зомбылыққа тап болған әйел немесе кәмелетке толмаған қыз ең алдымен қайда және кімге жүгінуі керек және оларды қорғаудың нақты қандай тетіктері қарастырылған?**

– Зорлық-зомбылыққа тап болған әйел немесе кәмелетке толмаған қыз үшін басты мәселе – қауіпсіздік. Егер өміріне немесе денсаулығына нақты қауіп төніп тұрса, қауіпсіз жерге шығып, дереу 102 нөмірі арқылы полицияға хабарласу қажет. Дене жарақаты немесе медициналық көмек қажет болса, жедел медициналық көмекке жүгіну керек. Сонымен қатар, әйелдер мен балалар 111 бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығына жүгіне алады.

Құқықтық қорғаудың маңызды тетіктерінің бірі – қорғау нұсқамасы. Полиция жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тұрмыстық зорлық жасаған немесе оны жасау қаупін төндірген адамға қатысты қорғау нұсқамасын шығарады. Оның негізінде құқық бұзушыға жәбірленушіні іздеуге, ізіне түсуге, оған баруға, телефон арқылы сөйлесуге және басқа тәсілдермен байланысуға тыйым салынуы мүмкін. Егер зорлық әрекеті бойынша қылмыстық іс жүргізіліп жатса және жәбірленушіге немесе оның жақындарына қауіп төнетіні туралы деректер болса, Қылмыстық-процестік кодекс бойынша қауіпсіздік шаралары қолданылуы тиіс.

Кәмелетке толмаған қызға қатысты жағдайларда қорғау жүйесі тек полициямен шектелмейді. 2026 жылдан қолданыстағы арнайы қағидалар – зорлық-зомбылыққа, қатыгез қарым-қатынасқа немесе буллингке ұшыраған балаларды анықтау және оларға көмек көрсету кезінде білім беру, денсаулық сақтау ұйымдарының, прокуратураның, отбасын қолдау орталықтарының, мобильді топтардың және 111 орталығының өзара әрекетін қарастырады. Тағы бір маңызды мүмкіндік – дағдарыс орталықтары мен уақытша баспаналар. Егер әйелдің немесе баланың үйіне қайтуы қауіпті болса, мамандандырылған дағдарыс орталығына жүгініп, орналасуға, психологиялық, әлеуметтік және құқықтық көмек алуға болады.

Бұл жерде дәлелдемелерді де мүмкіндігінше сақтап қалған жөн. Мысалы, қорқыту немесе қудалау сипатындағы хабарламалар, қоңыраулар тарихы, аудио-бейне материалдар, фотосуреттер, медициналық құжаттар және оқиғаны көрген адамдар туралы мәліметтер кейін құқықтық баға беру кезінде маңызды болады. Бірақ, дәлел жинау үшін өзін қайтадан қауіпке тігуге болмайды. Бірінші орында адамның өмірі мен қауіпсіздігі тұруы тиіс. Әсіресе, сталкинг пен жүйелі қудалауға байыппен қарау қажет. Егер адам қыздың «жоқ» деген жауабын қабылдамай, қайта-қайта телефон соқса, артынан жүрсе, үйінің немесе оқу орнының маңында күтсе, қорқытса немесе қарым-қатынасқа не некеге мәжбүрлесе, мұны «қызғаныш» немесе «сезім» деп қабылдамау керек. Мұндай жағдайда болған әрекеттерді тіркеп, полицияға немесе 111 қызметіне ертерек хабарлау маңызды.

**– Зорлық-зомбылық жасағандар үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік қалай анықталады?**

– Бұл жерде зорлық-зомбылық жасаған адамға қолданылатын құқықтық шара оның әрекетінің сипатына, қауіптілік дәрежесіне және келтірілген зардапқа байланысты анықталады. Ең алдымен, әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктің аражігін дұрыс ажырату қажет. Мысалы, отбасы – тұрмыстық қатынастар аясында былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үйдегі заттарды бүлдіру және адамның тыныштығын бұзатын басқа да әрекеттер жасалып, бірақ, олардың құрамында қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болмаса, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілік туындайды. Қазіргі редакцияда мұндай әрекеттер үшін ескерту, қоғамдық жұмыстар немесе әкімшілік қамақ көзделген. Алайда, адамды ұруды жай ғана әкімшілік құқық бұзушылық деп қарастыруға болмайды.

2024 жылғы заңнамалық өзгерістерден кейін денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру және ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттері Қылмыстық кодекске қайтарылды. ҚК-нің



*Профессор Қабдулсамих Айтхожинмен*

108-1-бабы денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіргені, ал 109-1-бабы денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқпаған, бірақ, дене жарақатын келтірген ұрып-соғу немесе өзге де зорлық әрекеттері үшін қылмыстық жауаптылық белгілейді.

**– Қорғау нұсқамасы жәбірленушіні қаншалықты қорғай алады, оны алу тәртібі қандай?**

– Қорғау нұсқамасы – жәбірленушіні зорлық көрсеткен немесе қауіп төндірген адамнан қорғау үшін полиция қоятын арнайы шектеу. Мысалы, бұрынғы күйеуі әйелін немесе жігіт бұрынғы қызын қорқытып, артынан аңдып, үйіне немесе оқу орнына келіп, қайта-қайта телефон соғып мазалайтын болса, полицияға жүгінуге болады. Полиция жағдайды тексеріп, негіз болған жағдайда қорғау нұсқамасын шығарады. Осы нұсқама шыққаннан кейін әлгі адамға жәбірленушіні іздеуге, аңдуға, артынан жүруге, үйіне баруға, телефон соғуға, хабарлама жазуға немесе басқа жолмен байланысуға тыйым салынуы мүмкін. Осындай қысымға тап болғандар ең алдымен полицияға 102 нөмірі арқылы немесе тікелей полиция бөліміне хабарлауы керек. Ең маңыздысы – қорғау нұсқамасын сұрау үшін міндетті түрде адамды ұрып, денесіне жарақат салғанын күтудің қажеті жоқ. Қорқыту, жүйелі қудалау, аңду немесе қайта-қайта мазалау да назардан тыс қалмағаны жөн.

**– Зорлық-зомбылық құрбандарын қорғауда құқық қорғау органдары мен соттың рөлі, тәжірибеде қандай мәселелер жиі кездесетіні туралы айтсаңыз?**

– Зорлық-зомбылық құрбанын қорғауда құқық қорғау органдары мен соттың міндеттері әртүрлі, бірақ, бір-бірімен тығыз байланысты. Полицияның міндеті – қауіпті дер кезінде тоқтату және жәбірленушіні қорғау, прокуратураның міндеті – заңдылықтың сақталуын қадағалау, ал соттың міндеті – істің мән-жайын дәлелдемелер негізінде бағалап, заңды шешім шығару. Қарапайым мысалмен айтсақ, әйел немесе қыз «мені қорқытып жүр, аңдиды, ұрады» деп полицияға хабарласа, бұл жай ғана «екі адамның арасындағы мәселе» деп қаралмауы керек. Полиция хабарламаны қабылдап, жағдайды тексеріп, қауіптің деңгейін бағалайды. Негіз болған жағдайда қорғау нұсқамасын шығару, құқық бұзушыны ұстау, профилактикалық есепке қою, соттан оның мінез-құлқына арнайы шектеулер белгілеуді сұрау немесе қылмыстық іс бойынша тергеу жүргізу сияқты шаралар қолданылады.

Қазіргі тәжірибеде полиция әрбір отбасылық жанжал бойынша қайталама зорлық қаупін бағалау парағын да толтырады. Қауіп деңгейі жоғары отбасылар ерекше бақылауға алынады. Прокуратураның рөлі де маңызды. Ол тергеу барысында заңның сақталуын қадағалайды және қажет болған жағдайда сот шешімдеріне шағым келтіре алады. Мұның нақты мысалдары да бар.

2026 жылы Бас прокуратура қылмыстық істер бойынша кассациялық практиканы талдау барысында балаларға қатысты кейбір сексуалдық қылмыстарға бастапқыда дұрыс құқықтық баға берілмеген жағдайларды анықтаған. Прокурорлардың наразылығынан кейін сегіз адамға қатысты сот актілерінің күші жойылып, істер қайта қарауға жіберілген. Бір іс қайта қаралғаннан кейін тоғыз жастағы қызға қатысты әрекет сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық деп сараланып, кінәлі адам өмір бойына бас бостандығынан айырылған. Соттың міндеті – жәбірленушінің немесе айыпталушының сөзіне жай ғана сеніп шешім шығару емес, барлық дәлелдемені жан-жақты бағалау. Сот куәлардың айғақтарын, сараптамаларды, медициналық құжаттарды, бейнежазбаларды, хат-хабарларды және басқа материалдарды зерттеп, әрекеттің

қандай құқық бұзушылық екенін және қандай жаза қолданылатынын анықтайды. Сонымен қатар сот агрессордың мінез-құлқына ерекше талаптар белгілей алады. Қазіргі тәжірибеде мұндай талаптар қорғау шараларының маңызды бөлігі болып отыр.

Ал тәжірибеде кездесетін негізгі мәселелердің бірі – жәбірленушінің қауіп туралы алғашқы сөздеріне жеткілікті мән бермеу. «Ол мені аңдып жүр», «күн сайын телефон соғады», «қорқытады», «артымнан қалмайды» деген шағымдар кейде ауыр дене жарақаты болмағандықтан аса қауіпті жағдай ретінде қабылданбауы мүмкін. Бірақ, дәл осындай әрекеттер кейін ауыр қылмысқа ұласуы ықтимал. Сондықтан, қазіргі жағдайда сталкинг пен жүйелі кудалауға ерекше назар аудару қажет.

Екінші мәселе – зорлықтың қайталануы. Қорғау нұсқамасының өзі қауіптің толық жойылғанын білдірмейді. Мысалы, 2026 жылғы Жамбыл облысындағы бір істе ер адам бұрын жауапкершілікке тартылып, оған қорғау нұсқамасы шығарылғанына қарамастан, бұрынғы бірге тұрған әйеліне қайта келіп, жанжал шығарған. Қорғау нұсқамасын бұзғаны үшін сот оны он тәулікке әкімшілік қамаққа алды. Бұл мысал шектеуді шығару ғана емес, оның орындалуын бақылаудың да маңызды екенін көрсетеді. Үшінші мәселе – әрекетке дұрыс құқықтық баға беру. Кейде бір қарағанда «отбасылық жанжал» болып көрінген оқиғаның артында ұрып-соғу, денсаулыққа зиян келтіру, қинау, сексуалдық зорлық, сталкинг немесе басқа қылмыстың белгілері болуы мүмкін. Сондықтан әрбір жағдай жеке қаралып, дәлелдемелер толық жиналуы керек.

2026 жылғы сот тәжірибесінде де бастапқы құқықтық саралау кейін жоғары тұрған сотта өзгертілген жағдайлар кездеседі. Төртінші мәселе – жәбірленушінің қорқуы немесе қысымға байланысты кейін өз ұстанымын өзгертуі. Тұрмыстық зорлықта жәбірленуші агрессормен бір үйде тұруы, оған материалдық жағынан тәуелді болуы, балалары үшін қорқуы немесе кейінгі кек алудан қауіптенуі мүмкін. Сондықтан, мұндай істерде жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қайталама зорлық қаупін бағалау қатар жүруі тиіс.

**– Сексуалдық зорлық-зомбылыққа қатысты істерді қараудың ерекшеліктеріне, кәмелетке толмағандарға қатысты мұндай істерде қандай құқықтық кепілдіктер қарастырылғанына да тоқталсаңыз?**

– Сексуалдық зорлық-зомбылыққа қатысты істер өте нәзік санатқа жатады. Сондықтан, мұнда ең бастысы – жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жеке өмірінің құпиялығын сақтау, оны қайтадан психологиялық жарақатқа ұшыратпау. Мұндай қылмыстар көбіне куәгерлерсіз жасалады. Сондықтан «куәгер жоқ болса, дәлел де жоқ» деген түсінік дұрыс емес. Тергеу кезінде жәбірленушінің сөзімен бірге медициналық және басқа сараптамалар, хат-хабарлар, телефондағы мәліметтер, аудио, бейнежазбалар және басқа дәлелдер тексеріледі.

Егер жәбірленуші кәмелетке толмаған қыз болса, оған ерекше қорғау беріледі. Тергеу кезінде оның жасына және психологиялық жағдайына назар аударылады. Қажет болған жағдайда жауап алуға психолог немесе педагог, сондай-ақ заңды өкілі қатысады. Баланы бір оқиғаны қайта-қайта айтып беруге мәжбүрлемеу маңызды, өйткені, бұл оның психологиялық жағдайына кері әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар баланың аты-жөні, суреті және жеке өміріне қатысты мәліметтер барынша қорғалуы тиіс. Қажет болған жағдайда сот отырысы жабық түрде өткізіледі. Мұның бәрі баланы қоғамның артық назарынан және қайта психологиялық қысымнан қорғау үшін қажет.

Тағы бір маңызды мәселе – баланы кінәламау. «Неге сол жерге бардың?», «неге бірден айтпадың?», «неге қарсылық көрсетпедің?» деген сұрақтар дұрыс емес. Бала қорқуы, ұялуы немесе не болып жатқанын толық түсінбеуі мүмкін. «Бала неге үндемеді?» деп сұраудан бұрын, «баланы қазір қалай қорғаймыз?» деген сұрақ қойылуы керек.

**– Құқықтық тұрғыдан алғанда, жәбірленушінің ұзақ уақыт бойы үнсіз қалуы істің қаралуына әсер ете ме?**

– Жәбірленушінің зорлық-зомбылық туралы бірден айтпауын «ондай жағдай болмаған» деп түсінуге болмайды. Өйткені, көп жағдайда әйел немесе жасөспірім қыз қорқады. Зорлық жасаған адам қорқытуы, қысым көрсетуі мүмкін. Кейде жәбірленуші «маған ешкім сенбейді», «елден, жұрттан ұят», «ата-анам қалай қабылдайды» деп те үнсіз қалады. Әсіресе, жасөспірім қыздарға бұл туралы айту өте қиын. Құқықтық тұрғыдан алғанда, жәбірленушінің зорлық-зомбылық көргендігін кеш хабарлауы оның арызы қаралмайды деген сөз емес. Бір айдан немесе одан да ұзақ уақыт өткеннен кейін айтса да, оның сөзі тексеріліп, басқа дәлелдермен бірге бағалануы керек. Әрине, уақыт өткен сайын кейбір дәлелдерді жинау қиындайды. Мысалы, денедегі жарақат жазылып кетуі, бейнежазбалар өшірілуі немесе басқа іздер жоғалуы мүмкін. Сондықтан, мүмкіндік болса,

құқық қорғау органдарына және дәрігерге мүмкіндігінше ертерек жүгінген дұрыс. Жәбірленушінің ұзақ уақыт үнсіз қалуын оның кінәсі деп тануға болмайды. Үнсіз қалу келісу деген сөз емес. Кей жағдайда ол қорқыныштың, қысымның немесе психологиялық күйзелістің салдары болуы мүмкін.

**– Әйелдің қаржысын бақылау, жұмыс істеуіне тыйым салу немесе мүлкін пайдалануына шектеу қою қандай жағдайда құқықтық жауапкершілікке әкеледі?**

– Иә, экономикалық қысым да зорлық-зомбылықтың бір түрі ретінде қарастырылады. Өйткені, зорлық дегеніміз тек ұрып-соғу емес. Кей жағдайда адамды ақша арқылы да бақылауға, тәуелді етуге болады. Мысалы, әйел жұмыс істейді, бірақ оның жалақысын жұбайы толық алып қояды, банк картасын бермейді немесе өзінің ақшасын жұмсауына мүмкіндік бермейді. Тағы бір жағдайда әйелдің жұмыс істеуіне әдейі тыйым салып, кейін оны толығымен өзіне қаржылық жағынан тәуелді етуі мүмкін. Әйелдің өзіне тиесілі мүлікті пайдалануына кедергі жасау да экономикалық қысымның белгісі болуы ықтимал.

Бұл жерде бір нәрсені ажыратып алған жөн. Отбасында ақшаны кім басқаратыны туралы келісімнің болуы өздігінен зорлық-зомбылық болып саналмайды. Мәселе қаржы адамның еркіндігін шектеу және оны бақылау құралына айналған кезде туындайды. Ал құқықтық жауапкершілік нақты жасалған әрекетке байланысты болады. Мысалы, біреудің ақшасын немесе мүлкін заңсыз иемдену, мүлкін бүлдіру, қорқытып ақша талап ету сияқты әрекеттер болса, заңда көзделген жауапкершілік туындауы мүмкін.

**– Кәмелетке толмаған қыздарға қатысты зорлық-зомбылық жағдайында олардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың қандай ерекшеліктері бар?**

– Кәмелетке толмаған қыздарға қатысты зорлық-зомбылық жағдайында – баланың қауіпсіздігі мен мүддесі бірінші орында тұруы керек. Өйткені бала ересек адам сияқты өзін толық қорғай алмайды. Кәмелетке толмағандарға қатысты істердің тағы бір ерекшелігі – тергеу кезінде баланың жасы мен психологиялық жағдайы міндетті түрде ескеріледі. Заңда көзделген жағдайларда жауап алу кезінде педагог немесе психолог, сондай-ақ заңды өкіл қатысады. Баланың жеке өмірі де ерекше қорғалуы керек. Оның аты-жөнін, суретін немесе оны тануға мүмкіндік беретін ақпаратты жариялауға өте сақ қараған жөн. Әсіресе, сексуалдық зорлық-зомбылық жағдайында құпиялылықтың маңызы өте жоғары.



*Ұстазым Фетхи Гедиклимен Стамбул университеті*

**– Зорлық-зомбылық құрбаны құқық қорғау органдарына жүгінуден бас тартқан жағдайда істі оның арызынсыз қарау мүмкін бе?**

– Иә, мұндай жағдай тәжірибеде кездеседі. Жәбірленуші қорыққандықтан отбасының қысымынан, материалдық тәуелділіктен немесе «жағдай одан әрі қиындап кетеді» деген қауіптен арыз жазудан бас тартуы мүмкін. Алайда, арыздың болмауы барлық жағдайда істің тоқтатылатынын білдірмейді. Бұл жасалған әрекеттің қандай құқық бұзушылық екеніне байланысты. Қарапайым түсіндірсек, кейбір істер жәбірленушінің шағымы бойынша ғана қаралады. Мұндай жағдайда оның арызының болуы маңызды. Ал ауыр немесе қоғамға қауіпті бірқатар қылмыстар бойынша іс жариялы тәртіппен жүргізіледі. Ондай жағдайда құқық қорғау органдары қылмыс туралы басқа жолмен мәлімет алса, жәбірленушінің жеке арызы болмаса да қылмыстық қудалау жүргізілуі мүмкін. Қазақстанның Қылмыстық-процестік кодексі жариялы айыптау

істерінде қудалау жәбірленушінің шағымына тәуелді болмайтынын көздейді. Сондықтан, мысалы, адамның өмірі мен денсаулығына ауыр қол сұғу сияқты қылмыстың белгілері анықталса, «жәбірленуші арыз жазғысы келмейді» деген жағдайдың өзі құқық қорғау органдарының әрекет етпеуіне автоматты түрде негіз болмайды.

**– Зорлық-зомбылықтың алдын алуда тек жазалау шаралары жеткілікті ме? Құқықтық сауаттылықты арттыру, психологиялық көмек көрсету және әлеуметтік қолдау тетіктерінің рөлі қандай?**

– Жоқ, тек жазалау шаралары жеткіліксіз. Әрине, зорлық жасаған адам заң алдында жауап беруі керек. Бірақ, біз тек қылмыс жасалғаннан кейін әрекет ететін болсақ, оның салдарымен ғана күресеміз. Бұл жерде біріншіден, құқықтық сауаттылық өте маңызды. Әйелдер мен жасөспірім қыздар қандай әрекеттің зорлық-зомбылық болып саналатынын, қайда жүгінуге болатынын және қандай қорғау шаралары бар екенін білуі керек. Мысалы, қорқыту, аңду, үнемі бақылау немесе қаржылық тәуелділікке түсіруді кей адамдар әлі де «отбасылық мәселе» деп қабылдайды. Ал мұндай әрекеттердің артында елеулі қауіп тұруы мүмкін.

Екіншіден, психологиялық көмек қажет. Зорлық көрген адам көбіне қорқыныш, ұялу, өзіне деген сенімсіздік сияқты жағдайларды бастан кешіреді. Кейде осының салдарынан ол көмек сұрай алмайды немесе қайтадан зорлық көрсеткен адамға оралады. Сондықтан, психологтың көмегі адамның өзіне деген сенімін қалпына келтіріп, қауіпсіз өмірге оралуына көмектеседі. Үшіншіден, әлеуметтік қолдау маңызды. Егер әйел зорлық көрсеткен адамға қаржылық немесе тұрмыстық жағынан тәуелді болса, «одан кет» деп айту оңай, ал оны жүзеге асыру қиын болуы мүмкін. Оның баратын жері, тұрақты табысы немесе балаларын қамтамасыз ету мүмкіндігі болмауы ықтимал. Сондықтан, дағдарыс орталықтары, уақытша баспана, заңгерлік және әлеуметтік көмек сияқты тетіктер нақты жұмыс істеуі керек. Ал жасөспірімдерге қатысты алдын алу жұмысы отбасынан және мектептен басталғаны дұрыс. Балаларға жеке шекара, қауіпсіз қарым-қатынас, келісім және «жоқ» деп айту құқығы туралы түсіндіру қажет.

**– Қоғамда әйелдер мен жасөспірім қыздарға қатысты зорлық-зомбылықты азайту үшін заңнамалық және құқық қолдану тәжірибесінде қандай мәселелерге көбірек назар аудару қажет деп ойлайсыз?**

– Менің ойымша, заңды күшейтумен қатар, сол заңның іс жүзінде қалай орындалатынына көбірек назар аудару қажет. Соңғы жылдары Қазақстанда бұл бағытта маңызды өзгерістер болды. Мысалы, ұрып-соғу мен денсаулыққа жеңіл зиян келтіру үшін қылмыстық жауапкершілік күшейтілді. Ал 2025 жылдан бастап сталкинг, яғни, адамның еркіне қарсы оны аңду мен заңсыз қудалау үшін жеке қылмыстық жауапкершілік енгізілді. 2026 жылдан бастап құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған жаңа заң да қолданысқа енді.

Маңызды мәселе – қауіпті ерте анықтау қажет, қазіргі заңда сталкинг үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Сондай-ақ, қорғау шараларының нақты орындалуы тиіс, мысалы, қорғау нұсқамасы шығарылса, оның қағаз жүзінде қалып қоймауы маңызды. Балалар мен жасөспірімдерге қатысты алдын алу жұмысын күшейту қажет. Сонымен қатар қоғамның көзқарасын өзгерту маңызды. «Отбасының ішкі мәселесі», «қызғанғаннан істеді», «өзі сөйлескен ғой» деген түсініктер зорлық-зомбылықты ақтамауы керек. Адамның «жоқ» деген жауабы құрметтелуге тиіс.

Меніңше, жазаны ғана емес, алдын алу жүйесін күшейту қажет. Осы ретте айта кету керек, әйелдер мен жасөспірім қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелерін зерттеуге заңгер ғалымдар да белсенді атсалысуда. Аталған бағыттағы ғылыми зерттеулер Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қолдауымен жүзеге асырылуда.

**– Уақыт тауып, пікірлескеніңізге рақмет!**

**Сұхбаттасқан**
**Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ,**
*журналист, 1-курс докторанты*

*Сұхбат ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландыратын 2024-2026 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясындағы BR28713695 «Әйелдер мен жасөспірім қыздарға қатысты зорлық-зомбылық мәселелері бойынша отбасы мен қоғамның ынтымақтастығының теориялық және әдіснамалық негіздері» жобасын іске асыру шеңберінде дайындалды.*

# КОНЕЦ ЭПОХИ «СЕРЫХ» ДОГОВОРОВ ГПХ

**СТАТЬЯ ПОСВЯЩЕНА АНАЛИЗУ НОВЕЛЛЫ ТРУДОВОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН – П. 1-1 СТ. 26 ТРУДОВОГО КОДЕКСА РК, ВВЕДЕННОГО ЗАКОНОМ РК «О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЙ В НЕКОТОРЫЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫЕ АКТЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ВОПРОСАМ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ БЕЗОПАСНЫХ УСЛОВИЙ ТРУДА, ЗАЩИТЫ ТРУДОВЫХ ПРАВ РАБОТНИКОВ И СОЦИАЛЬНОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ» ОТ 7 АПРЕЛЯ 2026 ГОДА №277-VIII ЗРК И ВСТУПИВШЕГО В СИЛУ 8 ИЮНЯ 2026 ГОДА.**

Впервые на уровне закона установлен прямой запрет заключать с физическим лицом договор гражданско-правового характера при наличии в нем хотя бы одного из отличительных признаков трудового договора, перечисленных в ст. 27 Трудового кодекса РК. Данный договор признается трудовым независимо от его наименования сторонами. Соотносится новая норма с ранее сложившейся судебной практикой, выраженной в нормативном постановлении Верховного Суда Республики Казахстан «О некоторых вопросах применения судами законодательства при разрешении трудовых споров» от 28 ноября 2024 года №1, с административной ответственностью, предусмотренной ст. 98 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях, а также с сохраняющимися законными способами оформления гражданско-правовых отношений. Обосновывается, что законодательный запрет не отменяет, а дополняет роль суда: вопрос о наличии признаков трудового договора в спорных случаях по-прежнему требует содержательной судебной оценки. Сформулированы предложения по единообразному применению новой нормы в судебной и правоприменительной практике.

Проблема подмены трудовых отношений договорами гражданско-правового характера долгое время оставалась одной из актуальных проблем для судебной практики Казахстана. Работодатели, стремясь снизить издержки на оплачиваемые отпуска, больничные, гарантии при увольнении и социальные отчисления, оформляли фактически постоянный наемный труд как оказание услуг или подряд.

До принятия нового Нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан от 28 ноября 2024 года №1 суды ориентировались главным образом на ст. 27 Трудового кодекса РК, устанавливающую отличительные признаки трудового договора – личное выполнение трудовой функции, подчинение трудовому распорядку и выплату заработной платы, однако прямого законодательного запрета на использование договоров ГПХ при наличии данных признаков не существовало, и правоприменителю приходилось действовать преимущественно постфактум, через судебное оспаривание уже сложившихся отношений.

7 апреля 2026 года Президент РК подписал Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования безопасных




условий труда, защиты трудовых прав работников и социального обеспечения», которым внесены изменения в Трудовой и Социальный кодексы РК. Закон вступил в силу 8 июня 2026 года. Его главное новшество – п. 1-1 ст. 26 ТК РК, впервые прямо запрещающий на уровне закона то, что ранее устанавливалось лишь путем судебного толкования.

П. 1-1 ст. 26 ТК РК излагается следующим образом: «Не допускается заключение с физическим лицом гражданско-правового договора, если в нем присутствует хотя бы один из отличительных признаков трудового договора, предусмотренных ст. 27 настоящего Кодекса.

Договор, содержащий один или несколько отличительных признаков трудового договора, предусмотренных ст. 27 настоящего Кодекса, признается трудовым договором независимо от его фактического наименования сторонами и влечет правовые последствия в соответствии с трудовым законодательством Республики Казахстан».

Норма отсылает к ст. 27 ТК, согласно которой отличительными признаками трудового договора от иных видов договоров является наличие в нем одного из следующих условий: 1) выполнение работником работы (трудовой функции) по определенной квалификации, специальности, профессии или должности; 2) выполнение обязательств лично с подчинением трудовому распорядку; 3) получение работником заработной платы за труд.

Принципиальное новшество состоит в двух моментах. Во-первых, законодатель отказался от прежней суммарной модели: правовое значение придается уже одному-единственному признаку, а не их совокупности, как это обычно требовалось в прежней судебной практике при оценке доказательств. Во-вторых, переквалификация закреплена как происходящая «независимо от фактического наименования сторонами» – то есть в силу прямого указания закона, а не только по результатам судебного спора.

Примечательная деталь заключается в том, что часть нормы, предусматривающая ответственность за нарушение нового запрета, вступила в силу раньше самого запрета. Ч. 1-1 и 2-1 ст. 98 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях, устанавливающие санкции для работодателей за заключение договора ГПХ с признаками трудового договора, начали действовать уже с 12 марта 2026 года – почти за три месяца до вступления в силу п. 1-1 ст. 26 ТК РК.

Такая последовательность заслуживает отдельного внимания в правоприменительной практике:

до 8 июня 2026 года материальный запрет как таковой еще не действовал, однако смежные процедурные и контрольные механизмы уже выстраивались, что может порождать вопросы о моменте, с которого конкретное деяние работодателя может считаться правонарушением.

Формулировка «признается трудовым договором независимо от его фактического наименования сторонами» на первый взгляд создает впечатление, что закон вводит переквалификацию Ipso jure, наступающую без участия суда или иного государственного органа, как отмечается в свободной энциклопедии, «Ipso jure – латинская фраза, непосредственно переводимая как «самим законом». Полагаем, что данное утверждение нуждается в существенном уточнении.

Автоматической в силу самого закона является лишь юридическая квалификация отношений при условии, что факт наличия хотя бы одного признака трудового договора установлен и бесспорен. Но установление самого факта – того, подчинялся ли исполнитель графику, выполнял ли работу лично, получал ли оплату регулярно как за труд, а не за результат, в большинстве реальных споров как раз и является предметом доказывания.

Работодатель и физическое лицо нередко расходятся в оценке этих обстоятельств: один настаивает на подрядной модели «от результата», другой же на фактическом наличии графика и подчиненности. В таких случаях норма п. 1-1 ст. 26 ТК РК не устраняет необходимость содержательной оценки, а напротив, встраивается в уже сложившийся механизм п. 7 НП ВС РК от 28 ноября 2024 года №1, согласно которому судам надлежит разграничивать гражданско-правовые отношения от трудовых правоотношений. О наличии трудовых отношений могут свидетельствовать обстоятельства, когда работник лично выполняет работу (трудовую функцию) по определенной квалификации, специальности, профессии или должности, с подчинением трудовому распорядку, а работодатель выплачивает ему заработную плату за труд.

Иными словами, новая норма меняет не столько процессуальный механизм установления факта, сколько материально-правовые последствия уже установленного факта: если раньше суд, установив признаки трудового договора, должен был обосновывать переквалификацию через толкование ст. 27 ТК РК и принципов трудового права, то теперь у него есть прямая императивная норма-запрет, исключающая какие-либо сомнения в том, что подобный договор не может считаться гражданско-правовым.

Это существенно облегчает мотивировочную часть судебных актов и повышает предсказуемость практики, но не снимает бремя доказывания фактических обстоятельств и не переносит его автоматически с работника на работодателя, а именно вопрос о распределении бремени доказывания по таким спорам, на наш взгляд, требует специального разъяснения Верховного Суда РК.

Новая норма имеет значение далеко за пределами типичных ситуаций «маскировки» штатной должности договором подряда. Она непосредственно затрагивает по меньшей мере еще два института. Применительно к платформенной занятости (такси, службы доставки еды и товаров и т.п.) п. 3 ст. 102 Социального кодекса РК по-прежнему отсылает отношения «оператор – исполнитель» к гражданскому законодательству.

Однако появление прямого законодательного запрета в ст. 26 ТК РК усиливает аргумент о том, что эта отсылка не может толковаться как исключающая переквалификацию при доказанности признаков подчинения внутреннему распорядку и личного исполнения, теперь этот аргумент опирается не только на судебное постановление, но и на императивную норму закона того же уровня, что и норма СК РК, что делает возможным различное толкование в пользу приоритета более поздней и более специальной нормы.

Применительно к договору о неконкуренции, предусмотренная ст. 29 ТК РК, новая норма подтверждает направление законодателя на содержательную, а не формальную квалификацию договорных отношений внутри трудового права, что может повлиять и на дальнейшее разрешение вопроса о гражданско-правовой либо трудовой природе данного института.

Также следует учитывать, что параллельно принятые в апреле 2026 года новые поправки расширяют полномочия государственных инспекторов труда и технических инспекторов по охране труда, что создает дополнительный (внесудебный) источник выявления факта подмены трудовых отношений

гражданско-правовыми еще до обращения работника в суд.

Важно подчеркнуть, что запрет не означает упразднения договоров ГПХ как таковых. Если договор действительно построен по модели «результата», то есть стороны согласовали конкретный, измеримый результат работы (проект, разовую услугу), исполнитель не состоит в штатном расписании, не подчиняется графику работодателя и не получает регулярных выплат, тождественных заработной плате, то такой договор остается полностью законным.

На данный момент существует практика оформления фактически трудовых отношений через договор с индивидуальным предпринимателем, а не напрямую с физическим лицом, это с учетом того, что новая норма говорит именно о договоре «с физическим лицом». Такая конструкция, по нашему мнению, не должна автоматически выводить отношения из-под действия п. 1-1 ст. 26 ТК РК, а именно при содержательном подходе, воспринятом НП ВС РК от 28 ноября 2024 года №1, суд обязан оценивать фактический характер отношений вне зависимости от статуса стороны договора, иначе смысл новеллы будет истрачен через простую смену внешней стороны договора.

Исходя из вышеизложенного, вытекают следующие предложения, сформулированные нами и направленные для улучшения правоприменительной практики:

1. Верховному Суду Республики Казахстан целесообразно дать разъяснение о соотношении п. 1-1 ст. 26 ТК и п. 7 НП ВС от 28 ноября 2024 года №1. Важным является подтверждение того, что новая норма не меняет процедуру установления фактов по делу, а лишь усиливает юридические последствия тех признаков трудового договора, которые уже были установлены судом.

2. Целесообразно распределить обязанность доказывать отсутствие признаков трудового договора на работодателя. Это связано с тем, что работодатель является более сильной стороной и обладает необходимой информацией, формируя условия договора и имея доступ к документации о реальном порядке работы.

3. При рассмотрении дел, где фигурирует такая конструкция как «работодатель-индивидуальный предприниматель-физическое лицо», судам предлагается руководствоваться принципом приоритета содержания над формой. Им следует оценивать, не используется ли статус индивидуального предпринимателя для того, чтобы обойти запрет, установленный п. 1-1 ст. 26 ТК.

4. Необходимо обеспечить согласованное применение новой нормы с п. 3 ст. 102 СК, касающаяся платформенной занятости. Следует признать, что п. 1-1 ст. 26 ТК имеет приоритет как более поздняя и специальная норма прямого действия, если у платформенных исполнителей доказаны признаки трудового договора.

Таким образом мы можем сделать вывод о том, что введение п. 1-1 ст. 26 ТК представляет собой важное изменение в подходе законодателя к вопросу о замене трудовых отношений гражданско-правовыми. То, что раньше определялось судом при помощи толкования общих правил и НП ВС, теперь запрещено. При этом новая норма не отменяет необходимость рассмотрения судом конкретных обстоятельств дела, она просто устраняет неопределенность по поводу правовых последствий уже установленных признаков трудового договора.

Судам также предстоит разработать общепринятые подходы к распределению обязанности доказывать свои утверждения, к оценке договоров, включающих индивидуальных предпринимателей, а также к взаимодействию новой нормы с положениями СК РК, касающихся платформенной занятости. В том, насколько суды будут применять данный запрет по сути, а не по форме, будет зависеть, станет ли данная новелла средством защиты прав работников или же станет причиной появления новых способов обойти закон.

**Т. АБАЙДЕЛЬДИНОВ,**
*к.ю.н., профессор кафедры гражданского права, гражданского процесса и трудового права КазНУ им. аль-Фараби,*

**А. МАРГУЛАН,**
*студент 3 курса юридического факультета КазНУ им. аль-Фараби*

# МӘМІЛЕЛЕР ТҰРМЫСТА КҮНДЕЛІКТІ КЕЗДЕСЕДІ



**Амангельді УМАРОВ,**
*Алмалы аудандық*
*№2 сотының судьясы*

**ТӘУЕЛСІЗ РЕСПУБЛИКАМЫЗДЫҢ МЕЖЕЛЕГЕН МАҚСАТТАРЫНЫҢ БАСТЫСЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ДЕҢГЕЙІНЕ ЖЕТУ. БҰЛ ТҰРҒЫДА ЕЛ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ МАҢЫЗДЫ ОРЫН АЛАДЫ. СОНДЫҚТАН, ЕЛ ЗАҢДАРЫ ҮНЕМІ ЖЕТІЛДІРІЛІП, АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН, ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ ҮЗДІКСІЗ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУДЕ. БҰЛ РЕТТЕ, ЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ӨЗ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН, БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАУЫНА ЗАҢДЫҚ ТҰРҒЫДА БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН.**

Өмірдің өзі мәміледен тұрады, яғни, тұрмыста күнделікті қолданылады, сондықтан, азаматтық құқықта оған ерекше назар аударылған. Алайда, азаматтардың көп жағдайда осы мәселеге мән бермейтіні байқалады. Осы себепті, мақалада аталған тарауға жалпылай тоқталамыз. Мәмілелер ұғымы, олардың түрлері мен нысаны, жасалу тәртібі, тағы басқа заңдылықтары Азаматтық кодекстің төртінші тарауымен жан-жақты қарастырылған.

Алдымен мәміле ұғымына келсек, Азаматтық кодекстің 147-бабына сәйкес, азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері мәмілелер деп танылады. Олар біржақты немесе екі және көпжақты шарт түрінде болуы мүмкін. Бір ғана тараптың ерік білдіруімен жасалған мәміле біржақты саналады. Бірақ, ол заң талаптарына сәйкес келуі керек.

В случае пропуска по уважительным причинам установленных сроков обращения, согласительная комиссия может восстановить срок обращения в согласительную комиссию и разрешить спор по существу.

Если на момент возникновения трудового спора комиссия не была сформирована, течение срока давности для такого спора приостанавливается до момента создания согласительной комиссии в организации.

Также приостановление сроков обращения в согласительную комиссию допускается в период действия договора о медиации по рассматриваемому трудовому спору.

## ПОРЯДОК РАССМОТРЕНИЯ СПОРА В СОГЛАСИТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ

Заявление, поступившее в согласительную комиссию, должно быть обязательно зарегистрировано в день его подачи. Согласительная комиссия обязана рассмотреть спор в течение 15 рабочих дней с даты подачи заявления. Спор рассматривается в присутствии заявителя либо его представителя в рамках предоставленных ему полномочий. Допускается заочное рассмотрение спора при наличии письменного согласия работника. В случае неявки работника на заседание согласительной комиссии, рассмотрение заявления откладывается. При повторной неявке согласительная комиссия вправе снять вопрос с рассмотрения. Однако это не лишает его права на повторное обращение.

Заседание комиссии можно считать правомочным, если на нем присутствовало равное количество представителей работодателя и работников.

По результатам рассмотрения спора, комиссия выносит решение, которое должно быть мотивированным и основанным на действующем законодательстве.

Для членов комиссии законодатель предусмотрел гарантии в виде сохранения заработной платы на период рассмотрения индивидуального трудового спора.

Решение согласительной комиссии должно быть исполнено в установленный ею срок, который не может превышать одного месяца со дня принятия решения, а решения по спорам о восстановлении на работе подлежат немедленному исполнению.

Стороны вправе обратиться в суд после рассмотрения их спора в согласительной комиссии. Но на сегодня действующее законодательство устанавливает два основания для такого обращения: трудовой спор не был урегулирован согласительной комиссией либо решение согласительной комиссии не исполняется стороной (сторонами) трудового спора.

Рассмотрению в согласительной комиссии по общему правилу подлежат все индивидуальные трудовые споры (то есть споры между конкретным работником и работодателем), возникшие после введения в действия нового Трудового кодекса, то есть с 1 января 2016 года. К исключениям относятся трудовые споры: 1) с руководителями исполнительных органов юридических лиц, которые рассматриваются только в суде; 2) с домашними работниками, которые разрешаются по соглашению сторон или в суде; 3) в которых работодателями являются субъекты малого предпринимательства, поскольку для них допускается не создавать согласительные комиссии.

Вышеуказанный порядок разрешения индивидуальных трудовых споров не распространяется на отдельные категории работников, трудовые отношения и правовой статус которых закрепляется специальными законами (военнослужащие, сотрудники полиции и т.д.).

Вместе с тем 15 февраля 2023 года был принят Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по упрощению порядка разрешения трудовых споров и конфликтов», который вступил в свою законную силу 18 апреля 2023 года.

Если ранее Согласительная комиссия являлась способом досудебного урегулирования спора, то на сегодняшний день фактически носит характер первой инстанции рассмотрения трудового спора.

Согласно совместному приказу МЗиСР РК от 25.12.2015 г. №1022 и МНЭ РК от 28.12.2015 г. №801 «Об утверждении критериев оценки степени риска и проверочных листов за соблюдением трудового законодательства РК», отсутствие в организации согласительной комиссии относится к значительным нарушениям.

Уполномоченный орган по результатам проверочных мероприятий вправе выдать работодателю предписание об устранении нарушений в работе согласительной комиссии. Неисполнение данного предписания уполномоченного органа в установленный срок в свою очередь будет являться основанием для привлечения работодателя к административной ответственности.

В соответствии со ст. 4 ГПК РК, задачами гражданского судопроизводства являются защита и восстановление нарушенных или оспариваемых прав, свобод и законных интересов граждан, государства и юридических лиц, соблюдение законности в гражданском обороте, обеспечение полного, своевременного, справедливого рассмотрения и разрешения дела, содействие мирному урегулированию спора, предупреждение правонарушений и формирование в обществе уважительного отношения к закону и суду.

Цель трудового законодательства нашей страны – это защита прав и интересов сторон трудовых отношений, установление минимальных гарантий прав и свобод в сфере труда. А задачами являются создание необходимых правовых условий, направленных на достижение баланса интересов сторон трудовых отношений, социальной стабильности, общественного согласия.

# СОТ ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕФОРМАНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ



**ҚАЗАҚСТАНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ. БҰЛ САЛА БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫНЫҢ ТИІМДІ ЖҰМСАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ТЕТІКТЕРДІҢ БІРІ ҒАНА ЕМЕС, КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТПЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ИНСТИТУТЫ. СОНДЫҚТАН, МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ РӘСІМДЕРІНІҢ ЗАҢДЫЛЫҒЫ, АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ӘДІЛДІГІ ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНА ТІКЕЛЕЙ ЫҚПАЛ ЕТЕДІ.**

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік басқаруды жаңғырту, цифрлық технологияларды кеңінен енгізу және мемлекеттік қаржының ашық жұмсалуын қамтамасыз ету мәселелеріне тұрақты назар аударып келеді. Осы саясаттың нәтижесінде мемлекеттік сатып алу жүйесі түбегейлі цифрлық форматқа көшіп, құқықтық реттеудің жаңа кезеңіне аяқ басты.

Бүгінде мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің басым бөлігі электрондық форматта жүргізіледі. Бірыңғай веб-портал арқылы конкурс жариялау, конкурсқа қатысу, өтінімдерді қабылдау, комиссия хаттамаларын қалыптастыру, шарттарды жасасу және олардың орындалуын бақылау жүзеге асырылады.

Электрондық формат бірнеше маңызды нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Талдап айтсақ, біріншіден, мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығы айтарлықтай артты. Екіншіден, адами фактордың ықпалы азайды. Үшіншіден, барлық қатысушылар үшін тең жағдай қалыптасты. Төртіншіден, мемлекеттік аудит пен сот бақылауы үшін қажетті электрондық іздер (digital trace) сақталатын болды.

Бұл жағдай мемлекеттік сатып алу саласындағы құқық қолдану тәжірибесіне де елеулі өзгерістер енгізді.

## ЖАҢА ЗАҢ – ЖАҢА ТАЛАП

Мемлекеттік сатып алу саласындағы құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңымен, Азаматтық кодекспен, Азаматтық процестік кодекспен және осы саладағы өзге де нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

Заңның негізгі қағидаттары:

– мемлекеттік сатып алудың ашықтығы;
– әлеуетті өнім берушілердің тең құқықтылығы;
– адал бәсекелестік;
– мемлекеттік қаражатты тиімді пайдалану;
– сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету;
– сатып алу рәсімдерінің жариялылығы.

Бұл қағидаттар мемлекеттік органдардың ғана емес, соттардың да құқық қолдану қызметінің негізгі бағдары болып табылады.

## ЦИФРЛАНДЫРУ СОТ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ НЕНІ ӨЗГЕРТТІ?

Соңғы жылдары соттарға түсетін мемлекеттік сатып алу дауларының сипаты едәуір өзгерді.

Бұрын даулар, негізінен қағаз құжаттардың дұрыс рәсімделмеуіне байланысты туындаса, қазіргі таңда негізгі дәлелдемелер электрондық ақпараттық жүйеде қалыптасады.

Соттар төмендегі мәселелерге құқықтық баға береді:

– электрондық цифрлық қолтаңбаның заңдылығы;
– порталдағы әрекеттердің уақыт белгісі (timestamp);
– автоматты түрде қалыптасқан хаттамалардың дұрыстығы;
– конкурс комиссиясы әрекеттерінің заң талаптарына сәйкестігі;
– әлеуетті өнім беруші құжаттарының талаптарға сәйкес болуы.

Азаматтық процестік кодекстің талаптарына сәйкес электрондық құжаттар дәлелдеме ретінде қағаз құжаттармен бірдей заңды күшке ие. Сондықтан мемлекеттік сатып алу порталында сақталған ақпарат сот үшін маңызды дәлелдердің бірі болып есептеледі.

Сонымен бірге сот электрондық жүйеде қалыптасқан кез келген шешімді сөзсіз қабылдамайды. Егер мемлекеттік органның әрекеті заң талаптарына қайшы екені анықталса немесе әкімшілік рәсімнің заңдылығы бұзылса, сот мұндай шешімнің күшін жоюға құқылы.

Жоғарғы Сот қалыптастырған құқықтық ұстанымдар мемлекеттік сатып алу дауларын қарауда бірнеше маңызды қағидатты айқындайды.

Бірінші қағидат – рәсімдік заңдылық.

Конкурс өткізу кезінде заңда көзделген рәсімдердің сақталуы міндетті болып табылады. Заңда белгіленбеген талаптарды конкурс құжаттамасына енгізуге жол берілмейді.

Екінші қағидат – теңдік. Конкурсқа қатысушылардың барлығына бірдей талап қойылуға тиіс. Белгілі бір өнім берушіге артықшылық беретін талаптар заңға қайшы деп танылады.

Үшінші қағидат – пропорционалдық. Әрбір рәсімдік кемшілік автоматты түрде конкурс нәтижесін жарамсыз етеді дегенді білдірмейді. Егер анықталған бұзушылық конкурс қорытындысына нақты әсер етпесе немесе басқа қатысушылардың құқықтарын бұзбаса, сот нақты істің мән-жайын жан-жақты зерттеп барып құқықтық баға береді.

Төртінші қағидат – адал бәсекелестікті қорғау. Мемлекеттік сатып алу институтының негізгі мақсаты – белгілі бір өнім берушіні анықтау емес, барлық қатысушылар үшін тең әрі әділ бәсекелестік ортасын қалыптастыру.

Осы құқықтық ұстанымдар бүгінде төменгі сатыдағы соттардың құқық қолдану тәжірибесінде кеңінен басшылыққа алынып келеді.

## ПРАКТИКАДАҒЫ ӨЗЕКТІ ДАУЛАР

Сот тәжірибесін талдау мемлекеттік сатып алу саласында жиі кездесетін даулардың бірнеше санатын көрсетеді.

Олар:

– конкурсқа заңсыз жібермеу;

– өтінімді негізсіз қабылдамау;

– конкурс қорытындысын даулау;

– мемлекеттік сатып алу туралы шартты жарамсыз деп тану;

– шартты орындамауға байланысты тұрақсыздық айыбын өндіру;

– өнім берушіні жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізу мәселелері.

Бұл санаттағы істерді қарау кезінде соттар заң талаптарының формальды сақталуын ғана емес, мемлекеттік сатып алу қағидаттарының нақты орындалуын да бағалайды.

## ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алу жүйесіне тәуекелдерді автоматты түрде анықтайтын цифрлық құралдар кезең-кезеңімен енгізілуде.

Алдағы уақытта:

– жасанды интеллект арқылы сатып алуды талдау;

– күмәнді мәмілелерді автоматты анықтау;

– баға демпингін болжау;

– үлестес компанияларды анықтау;

– сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін цифрлық модельдеу сияқты құралдардың қолданылу аясы кеңейе түседі.

Бұл өз кезегінде сот тәжірибесінде жаңа санаттағы электрондық дәлелдемелердің пайда болуына алып келеді.

Сондықтан цифрлық дәлелдемелерді бағалау әдістемесін жетілдіру бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі болып отыр.

Мемлекеттік сатып алуды цифрландырудың түпкі мақсаты – рәсімдерді күрделендіру емес, заң үстемдігін қамтамасыз ету.

Заң талаптары барлық қатысушыларға бірдей қолданылған жағдайда ғана кәсіпкерлердің мемлекетке деген сенімі артады. Бұл ретте сот билігінің рөлі ерекше.

Сот мемлекеттік органның да, кәсіпкердің де әрекеттеріне бейтарап құқықтық баға бере отырып, заң үстемдігін қамтамасыз етеді. Қалыптасқан бірізді сот тәжірибесі мемлекеттік сатып алу саласындағы құқықтық тұрақтылықтың маңызды кепілі болып саналады.

Мемлекеттік сатып алуды цифрландыру – уақыт талабы ғана емес, құқықтық мемлекеттің маңызды көрсеткіші. Электрондық жүйелердің тиімділігі ең алдымен заңның дұрыс қолданылуына, сот тәжірибесінің бірізділігіне және мемлекеттік органдардың құқықтық жауапкершілігіне байланысты.

**Г. ШАЯНОВА,**
***Ұлытау облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы***

# СОТ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ МӘДЕНИЕТІ



**Гүлжазира БАЙБЕКОВА,**
*Қарасай аудандық сотының судьясы*

**«ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНДА ЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ БАСТЫ ОРЫНҒА ҚОЙЫЛСА, БҰЛ МӘСЕЛЕГЕ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ДЕ АЙРЫҚША НАЗАР АУДАРЫП ОТЫР. СОТТАР ЗАҢ НОРМАЛАРЫН ЕЛ ХАЛҚЫНА ЖАН-ЖАҚТЫ ТҮСІНДІРУ, СОЛ АРҚЫЛЫ ОЛАРДЫҢ ЗАҢҒА ДЕГЕН ҚҰРМЕТІН НЫҒАЙТУ МАҚСАТЫНДА БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНА ТҮРЛІ ТАҚЫРЫПТА МАТЕРИАЛДАР ЖАРИЯЛАУДА. ЖҰРТШЫЛЫҚҚА ҰСЫНЫП ОТЫРҒАН МАҚАЛА ОСЫ БАҒЫТТА ӨРБИДІ, ЯҒНИ, СОТҚА ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ ТҮСІНДІРІЛЕДІ.**

Азаматтық іс жүргізу міндеттеріне жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, бостандықтарын қорғап, қалпына келтіру, қоғамда заңға және сотқа құрметпен қарауды қалыптастыру жатады. Осы себепті, сотқа қатысушылардың барлығына бірдей міндетті ережелер қарастырылған. Мәселен, сот отырысына қатысу тәртібі процеске кешікпей келуден басталады, сонымен бірге ғимараттағы қауіпсіздікті сақтау, осы ретте міндеттелген қағидаларды қатаң басшылыққа алу барлық сотқа қатысушыдан талап етіледі.

Соттың шақыртуына себепсіз келмеудің өзі сотты құрметтемеу болып саналатынын азаматтар білулері тиіс. Сот ғимаратына кіретін әрбір адамның жеке құжаты тексеріліп, күмәнді заттар алып кіруіне тыйым салынады. Мұндай шаралардың соттағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызы зор.

Азаматтық процестік кодекстің талабына сәйкес, сот залындағылар судья кіргенде орындарынан тұрады. Осы кодекспен шешім шығармай аяқталатын істегі сот шешімін немесе ұйғарымын сот қатысушылары орындарынан тұрып тыңдауы, сондай-ақ, судьяға «құрметті сот» деп сөйлеуі әрі техникалық байланыс құралдарының сот процесіне қатысу ерекшеліктеріне қарай қолданылатыны нақтыланған.

Сот шешімі мемлекет атынан қабылданады, сондықтан, тараптар процесс барысында әр сөзі мен іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарап, тыныштық сақтауға басқа қатысушыларға құрметпен қарауға баса мән бергендері жөн. Сот залында дауыс көтеру, өзге қатысушылардың сөзін бөлу, өздігінен шығып кету, дөрекілік таныту заңға қайшы, осы себепті, сот процесінің қалыпты жағдайда өтуіне кедергі келтіргендерге жауапкершілік көзделген.

Мысалы, сот процесіне қатысушылардың бірі іс талқыланып жатқан кезде тәртіп бұзса оған алдымен ескерту жасалады. Тәртіпті қайталап бұзса, сот ұйғарымымен сот талқылауына немесе оның бір бөлігіне қатыстырылмайды. АПК-нің 188-бабына сай, процеске қатысушы сот талқылауы кезінде сотты құрметтемеу әрекетін жасаса, оған 120-бапта белгіленген тәртіппен әкімшілік жаза қолданылады. Тәртіп бұзушының әрекеттерінен қылмыстық құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайда қылмыстық жауапқа тартылады.

Сотқа қатысушылардың сот залына уақытылы келуі, келе алмайтын жағдайда оның дәлелді себебін көрсетіп, алдын ала хабарлауы, сыртқы және бас киімін шешіп кіруі, ұялы телефонын өшіріп қоюы сынды әрекеттері олардың заңға деген құрметімен қоса құқықтық мәдениетін көрсетеді. Заңның үстемдік құруы барлық мемлекет үшін басты құндылық десек, мемлекет атынан шешім қабылданатын сот процестеріне қатысатын әрбір адам заң талабына бағынып, сотты құрметтеуге, оның шешімдері мен үкімдерін, қаулыларын, т.б. құжаттарын уақытылы орындауға міндетті.

Жалпы алғанда, сот залында тәртіп сақтамағандар үшін көзделген жауапкершілік азаматтардың сот алдындағы теңдігі мен сот төрелігінің міндеттерін іске асыру мақсатында қолданылады.

Халқымызда «Өзгеге жасаған ізетің – өзіңе жасаған құрметің» деген нақыл болса, батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деді, мұндай мағынасы терең, мәні кең қанатты сөздер тек сот залында ғана емес, жалпы қоғамда тәртіп сақтау қажеттігін меңзейді. Өркениетті мемлекетті қалайтын әрбір адам ең алдымен өзін құқықтық тұрғыда жетілдіруі қажет. Олай дейтініміз, құқықтық мәдениеті мен сауаты жоғары азаматтары басым мемлекеттің заңы әрқашанда үстем болады.

*Алматы облысы*

# НОТАРИАТТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

**БИЫЛҒЫ 8 ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАП ҚАЗАҚСТАНДА ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚАТЫСТЫ МӘМІЛЕЛЕРДІ НОТАРИАТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРДІ. ЕНДІ САТЫП АЛУ-САТУ, СЫЙҒА ТАРТУ, АЙЫРБАСТАУ, КЕПІЛГЕ ҚОЮ ЖӘНЕ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУҒА НЕМЕСЕ КЕПІЛГЕ БЕРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ, МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУГЕ ЖАТАТЫН ӨЗГЕ ДЕ МӘМІЛЕЛЕР МҮЛІК ОРНАЛАСҚАН ЖЕРДЕГІ НОТАРИУСПЕН КУӘЛАНДЫРЫЛАДЫ. ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР, ЕҢ АЛДЫМЕН, ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚАТЫСТЫ МӘМІЛЕЛЕРДІ РЕСІМДЕУ ҮДЕРІСІН РЕТКЕ КЕЛТІРУГЕ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛЕУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН.**

Аумақтық қағидат мүлік объектісі, мәмілені нотариаттық куәландыру және құқықтарды кейіннен мемлекеттік тіркеу арасындағы өзара байланысты нақты әрі жүйелі түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жаңа тәртіп жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялардың ашықтығы мен қауіпсіздігін арттыруға, сондай-ақ, алаяқтық схемалардың тәуекелдерін төмендетуге бағытталған.

Бұл ретте аумақтық қағидат азаматтардың өз мүлкіне басқа өңірде жүріп билік ету құқығын шектемейді. Егер меншік иесінің жылжымайтын мүлік орналасқан жерге жеке өзі келу мүмкіндігі болмаса, ол өз атынан қажетті әрекеттерді жүзеге асыратын өкілге сенімхат рәсімдеуге құқылы. Мысалы, пәтер Астанада, оның меншік иесі Алматыда тұрса немесе уақытша сонда жүрсе, ол басқа тұлғаға сенімхат рәсімдей алады.Өкілдің мәмілені Астанадағы нотариуста жүргізу құқығы бар.

Осылайша, азаматтар басқа қалада немесе өңірде жүріп, сенім білдірілген тұлғалар арқылы жылжымайтын мүлікті бұрынғысынша сата, сондай-ақ, сыйға тарта және айырбастай алады, жеке кепілге де береді. Тек мәміленің нотариаттық куәландыру орны өзгеріп, ол жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша айқындалады.

Жаңа талап тек жылжымайтын мүлікке қатысты мәмілелерде қолданылады, ол басқа нотариаттық әрекеттердің тәртібіне әсер етпейді.

**Гульмира АҚЫЛАЕВА,**
***Алматы облысы Әділет департаменті құқықтық түсіндіру жұмысы және заңгерлік қызмет көрсету бөлімінің бас маманы***

# ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯНЫҢ ЖАҢА ЖЕТІСТІГІ

**ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУҒА, «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ҚАҒИДАТЫНА ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯҒА НЕГІЗДЕЛГЕН МЕМЛЕКЕТ ПЕН АЗАМАТТАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ЖАҢА ҮЛГІСІН БЕКІТТІ.**




Әділет министрлігі, өз кезегінде, құқық қолдану практикасы мен азаматтардың өтініштеріне жүйелі түрде талдау жүргізеді. Атап айтқанда, ең өзекті мәселелердің бірі – нотариус жасаған атқарушылық жазба және оны кейіннен жеке сот орындаушысының орындауы болып отыр.

Біріншіден, атқарушылық жазба санының жылына екі миллионнан асуына байланысты, ең алдымен борышкерлерді уақытылы хабардар ету және олардың қарсылық білдіру құқығын іске асыруы бойынша шағымдар саны артты. Осы тұста айтып өтерлігі, былтырғы наурыздан бастап

eGovMobile платформасында атқарушылық жазба бойынша – өтініш беруден бастап азаматтың қарсылық білдіру құқығын іске асыруға дейінгі цифрлық шешімдер іске қосылды. Нотариус борышкерге атқарушылық жазба көшірмесінің «электрондық үкімет» порталы және SMS арқылы жеткенін тіркеп, жолдай бастады. Борышкер онлайн режимде қарсылық білдіруге немесе берешегін мойындауға мүмкіндік алды.

Сонымен қатар, 2025 жылдың наурызынан бастап 2,5 миллионнан астам атқарушылық жазба жасалып, олардың шамамен 700 мыңына онлайн режимде қарсылық берілді. Дегенмен, тәжірибе көрсеткендей, іске асырылған жоба жеткіліксіз болып шықты. Осыған байланысты заңнамалық реттеуді де, жасанды интеллектті қолдана отырып, жаңа цифрлық құралдарды пайдалануды да одан әрі жетілдіру қажеттілігі туындады.

Екіншіден, тәжірибеде анықталған мәселелер, әрине, қосымша кепілдіктерді заң деңгейінде бекітуді талап етті. Осы ретте, ағымдағы жылдың 8 шілдесінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев нотариаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша заңға қол қойды. Түзетулер нотариаттық әрекеттерді, әсіресе атқарушылық жазбаға қатысты әрекеттерді жасау кезінде кемшіліктерді жою және барынша жаңа цифрлық шешімдерді қолдану арқылы азаматтардың құқықтарын қорғауды біршама күшейтті.

Бұдан басқа, азаматтың құқықтарын қорғау нотариустардың атқарушылық жазбаны жасау кезінде ғана емес, жеке сот орындаушының мәжбүрлеп орындату кезеңінде де қамтамасыз етілуі тиіс. Сондықтан, заңнаманы жаңғырту жұмыстары ағымдағы жылдың маусым айының соңында атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша заңға қол қойылған кезеңді де қамтыды. Оның ережелері атқарушылық рәсімдердің ашықтығын арттыруға және тараптардың құқықтарын қорғауға бағытталған.

Осы өзгерістердің цифрлық шешімі – 2025 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілген және AdiletGov жүйесімен интеграцияланған «Тараптар кабинеті» жетілдірілген модулі болады. Бұл кабинет арқылы өндіріп алушы мен борышкер кез келген уақытта іс материалдарымен танысып, жасалған әрекеттер мен қабылданған шараларды тексере алады, атқарушылық іс жүргізудің ағымдағы мәртебесін көріп, сондай-ақ электрондық форматта өтініштер мен өтінішхаттар жолдай алды.

Сервис іске қосылған сәттен бастап азаматтардан 63 мың өтініш келіп түсті, оның ішінде тек 9,4%-ына әділет органдарына шағым жасалған. Мәселелердің басым бөлігі тікелей жеке сот орындаушысының деңгейінде шешілуде, оның нәтижесінде өтініштер саны 15%-ға азайды (38 мыңнан 32,3 мыңға дейін). Осылайша, азамат атқарушылық жазбаның жасалуын ғана емес, одан кейінгі бүкіл орындау процесін де бақылау мүмкіндігіне ие болды.

Бұдан былай, министрлік жасанды интеллектті пайдалана отырып проактивті бақылауды енгізеді. Бұл модульде кідірістер, ұзақ уақыт аяқталмай тұрған атқарушылық іс жүргізулер, мерзімдердің бұзылуы және жедел әрекет етуді талап ететін өзге де проблемалық мәселелер анықталатын болады.

Үшіншіден, жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің белсенді қолдауымен Әділет министрлігі жаңа цифрлық E-Notary платформасын іске қосуда. Ол қолданыстағы цифрлық шешімдердің тәжірибеде анықталған мәселесін жойып, нотариаттық әрекеттердің ашықтығы мен оны бақылаудың жоғарғы деңгейін қамтамасыз етеді.

Платформада нотариустың әрбір әрекеті тіркеліп қана қоймай, нотариустар мен азаматтарды биометриялық сәйкестендіру жүйесін интеграциялау алғаш рет көзделген. Бұл есептік деректерді заңсыз пайдалануды жояды және ақпараттық қауіпсіздік деңгейін барынша арттырады.

Бұдан былай азаматтар платформада жеке кабинет ашып, оның көмегімен өздерінің қатысуымен жасалған барлық нотариаттық әрекеттерді бақылап, есепке алып және қадағалап отырады. Қажет болған жағдайда нотариустардың заңсыз әрекеттеріне қарсылық білдіруіне болады.

Тағы бір жаңашылдық – жасанды интеллектті ұсынылған құжаттарға талдау жүргізу, ықтимал кемшіліктер мен тәуекелдерді анықтау, тиісті ұсынымдар әзірлеу кезінде пайдалану. Бұл ретте нотариаттық әрекетті жасау туралы түпкілікті шешімді нотариус өзі қабылдайды.

Платформаны пилоттық пайдалану қорытындысы бойынша оны ағымдағы жылдың соңына дейін еліміздің бүкіл аумағында енгізу жоспарлануда.

**ҚР Әділет министрлігінің**
**баспасөз қызметі**

# ЭЛЕКТРОННЫЕ БРАСЛЕТЫ КАК СРЕДСТВО КОНТРОЛЯ



**Абзал БАЛАБЕКОВ,**
*судья Специализированного следственного суда города Кокшетау Акмолинской области*

**ЭЛЕКТРОННЫЙ БРАСЛЕТ – ЭТО СОВРЕМЕННОЕ ТЕХНИЧЕСКОЕ СРЕДСТВО КОНТРОЛЯ, КОТОРОЕ ИСПОЛЬЗУЕТСЯ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫМИ ОРГАНАМИ ДЛЯ НАБЛЮДЕНИЯ ЗА ЛЮДЬМИ, НАХОДЯЩИМИСЯ ПОД ДОМАШНИМ АРЕСТОМ, УСЛОВНЫМ НАКАЗАНИЕМ ИЛИ АДМИНИСТРАТИВНЫМ НАДЗОРОМ.**

Обычно устройство закрепляется на ноге или руке человека и позволяет контролировать его местоположение в любое время суток.

Работа электронного браслета основана на использовании GPS-навигации, мобильной связи и специальных датчиков. С помощью спутниковой системы устройство определяет координаты человека и передает информацию в центр мониторинга. Если человек покидает разрешенную территорию, нарушает установленный режим или пытается снять браслет, система автоматически отправляет сигнал сотрудникам правоохранительных органов.

Основная цель применения электронных браслетов – обеспечение контроля без изоляции человека от общества. Такой способ считается более гуманным, чем содержание в тюрьме, так как человек может находиться дома, общаться с семьей, учиться или работать. Кроме того, использование электронных браслетов помогает снизить расходы государства на содержание заключенных и уменьшает нагрузку на исправительные учреждения.

Электронные браслеты широко применяются во многих странах мира. Развитие современных технологий делает такие устройства более точными, удобными и эффективными для обеспечения безопасности и соблюдения закона. Опыт использования электронных средств контроля подтвердил их эффективность в части предупреждения новых преступлений, а также предотвращении повторных правонарушений.

# ЗАЩИТА ГРАЖДАН И ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ



**Ибрагим ДЕЗИЕВ,**
*судья Специализированного межрайонного административного суда Костанайской области*

**В СОВРЕМЕННОМ ПРАВОВОМ ГОСУДАРСТВЕ ЭФФЕКТИВНАЯ ЗАЩИТА ПРАВ И ЗАКОННЫХ ИНТЕРЕСОВ ГРАЖДАН И ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ ЯВЛЯЕТСЯ ОДНОЙ ИЗ ВАЖНЕЙШИХ ЗАДАЧ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ВЛАСТИ. В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН ВАЖНЫМ МЕХАНИЗМОМ ТАКОЙ ЗАЩИТЫ ВЫСТУПАЕТ АДМИНИСТРАТИВНАЯ ЮСТИЦИЯ, КОТОРАЯ ОБЕСПЕЧИВАЕТ СУДЕБНЫЙ КОНТРОЛЬ ЗА ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ АДМИНИСТРАТИВНЫХ ОРГАНОВ И ДОЛЖНОСТНЫХ ЛИЦ. ПРИНЯТИЕ И ВВЕДЕНИЕ В ДЕЙСТВИЕ АДМИНИСТРАТИВНОГО ПРОЦЕДУРНО-ПРОЦЕССУАЛЬНОГО КОДЕКСА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН СТАЛО ВАЖНЫМ ЭТАПОМ В РАЗВИТИИ АДМИНИСТРАТИВНОГО СУДОПРОИЗВОДСТВА И УКРЕПЛЕНИИ ПРИНЦИПОВ ВЕРХОВЕНСТВА ЗАКОНА.**




Административная юстиция представляет собой систему правовых механизмов и судебных процедур, направленных на разрешение споров между гражданами, юридическими лицами и государственными органами. Основной целью административной юстиции является защита нарушенных прав, свобод и законных интересов участников административных правоотношений.

Значение административной юстиции заключается в обеспечении законности в деятельности государственных органов, повышении доверия граждан к судебной системе и государству в целом, а также в укреплении принципа ответственности органов власти перед обществом.

Особое значение в административном процессе имеют принципы, закрепленные в АППК РК, которые обеспечивают справедливое и эффективное рассмотрение административных дел.

Все действия административных органов и судов должны осуществляться строго в соответствии с законодательством Республики Казахстан. Этот принцип гарантирует соблюдение прав и свобод участников процесса.

Одним из ключевых нововведений АППК РК является ориентированность на защиту прав граждан и юридических лиц в отношениях с государством. При рассмотрении дела суд стремится обеспечить баланс интересов, отдавая приоритет защите нарушенных прав.

Суд в административном процессе не ограничивается пассивным рассмотрением представленных доказательств, а активно участвует в выяснении обстоятельств дела, собирании доказательств и установлении истины.

Все участники административного процесса равны перед законом и судом. Суд обязан обеспечить равные процессуальные возможности сторонам, независимо от их статуса.

Каждый гражданин и юридическое лицо имеет право на судебную защиту своих прав. АППК РК обеспечивает доступность административного правосудия для всех заинтересованных лиц.

Административные споры должны рассматриваться в разумные сроки, что способствует оперативному восстановлению нарушенных прав и повышению эффективности судебной защиты.

Административная юстиция играет важную роль в формировании правового государства, обеспечивая контроль над деятельностью государственных органов. Благодаря административному судопроизводству, граждане и организации получают возможность оспаривать незаконные решения, действия или бездействие органов власти.

Для юридических лиц административная юстиция имеет особое значение в сфере защиты предпринимательской деятельности, предотвращения административного давления и обеспечения равных условий ведения бизнеса.

Таким образом, административная юстиция является важнейшим институтом защиты прав граждан и юридических лиц в Республике Казахстан. Принципы, закрепленные в АППК РК, направлены на обеспечение справедливости, законности и эффективности административного судопроизводства. Развитие административной юстиции способствует укреплению доверия общества к государственным институтам и дальнейшему построению правового государства.

# ШЕТЕЛГЕ ЖҰМЫС ІЗДЕП КЕТКЕН АЗАМАТТЫ КІМ ҚОРҒАЙДЫ?

**«ЖОҒАРЫ ЖАЛАҚЫ, ТЕГІН БАСПАНА, ЖОЛ ШЫҒЫНЫН ӨТЕЙТІН ЖҰМЫС БЕРУШІ». ШЕТЕЛДЕГІ ЕҢБЕККЕ ШАҚЫРАТЫН ОСЫНДАЙ ҰСЫНЫСТАРДЫҢ АРТЫНДА НАҚТЫ ЖҰМЫС ОРНЫ ДА, АДАМНЫҢ СЕНІМІН ПАЙДАЛАНАТЫН ҚАУІПТІ СХЕМА ДА ТҰРУЫ МҮМКІН.**

Қазақстанның Ішкі істер министрлігі интернеттегі жалған вакансиялар арқылы азаматтарды шетелге тартып, кейін құжаттарын алып қою, жүріп-тұру еркіндігін шектеу және интернет-алаяқтыққа қатысуға мәжбүрлеу қаупі туралы ескертті. Бұл еңбек миграциясын табыс табудың жолы ретінде ғана емес, азаматтың қауіпсіздігі мен құқығын қорғау мәселесі ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі көші-қон саясаты тұжырымдамасында 2025 жылғы 1 қазанда шетелде еңбек ету мақсатымен жүрген азаматтардың саны 156,7 мың болғаны көрсетілген. Құжатта негізгі бағыттардың қатарында Ресей, Оңтүстік Корея, Польша және Ұлыбритания аталады. Бұл – белгілі бір мерзімдегі жағдайды сипаттайтын дерек. Оны 2026 жылғы қазандағы нақты көрсеткішпен теңестіруге болмайды. Дегенмен, осы санның өзі шетелдегі еңбекке қатысты құқықтық қорғаныстың қаншалықты ауқымды мәселе екенін аңғартады.

Шетелге жұмысқа кетудің өзі азаматтың құқығы бұзылады дегенді білдірмейді. Заңды рәсімделген еңбек қатынасы кәсіби тәжірибе жинауға, табыс табуға мүмкіндік береді. Мәселе жұмысқа орналасу жолының ашықтығында, делдалдың жауапкершілігінде және қиындық туған кезде көмекке жүгінудің қолжетімділігінде жатыр.

Еңбек миграциясындағы тәуекел кейде адам елден шықпай тұрып басталады. Ішкі істер министрлігінің ресми хабарламасында алаяқтардың кадр агенттігі немесе жеке делдал ретінде танысып, тіл білуді, тәжірибені қажет етпейтін жоғары ақы төленетін жұмыс ұсынатыны жазылған. Алдын ала төлемді алғаннан кейін байланысын үзетін жағдайлар да ескертіледі. Мұндай схема кезінде азамат болашақ табысына үміт артып, қолындағы қаражатынан айырылуы мүмкін.

Алайда қауіп ақшадан айырылумен шектелмейді. ІІМ-нің Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаменті жалған ұсыныстардың Telegram арналары, WhatsApp топтары және өзге онлайн алаңдар арқылы таралатынын хабарлады. Адамдарға жоғары табыс, төленген ұшу билеті мен баспана уәде етіледі. Ал барған жерінде паспортын алып қою, еңбекақысын төлемеу, қорқыту, елге қайтуы үшін ақша талап ету қаупі туындайды. Ведомство атаған тәуекелдердің бірі – азаматты интернет-алаяқтыққа қатысуға мәжбүрлеу.

Осы тұста жұмыс іздеген адамның жағдайы күрделене түседі: табыс табуға барған азамат өзі де қанауға ұшырап, сонымен қатар өзге адамдарға қарсы заңсыз әрекетке тартылуы мүмкін. Сондықтан, мұндай жағдайды жұмыс берушімен арадағы жай келіспеушілік деңгейінде қарастыру жеткіліксіз. Адамның еркіндігіне, қауіпсіздігіне және құжаттарына қатысты шектеулер құқық қорғау органдарының назарын қажет етеді.

Халықаралық еңбек ұйымы құжаттарды қайтармай ұстауды, жүріп-тұруды шектеуді және қорқытуды мәжбүрлі еңбекті анықтауға көмектесетін белгілер қатарына жатқызады. Сонымен бірге ұйым жалақының кешігуі өздігінен мәжбүрлі еңбек болғанын білдірмейтінін түсіндіреді. Ақыны әдейі ұстап қалу қызметкерді жұмыс орнынан кетірмеудің амалына айналған кезде оның сипаты өзгереді. Бұл айырмашылық әр оқиғаның мән-жайын жеке бағалау үшін маңызды.

Ендеше, азаматты шетелге аттандыратын делдалдардың қызметі қалай бақылануы керек? Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2026 жылы маусымда жарияланған хабарламасында Қазақстанда шамамен 400 жеке жұмыспен қамту агенттігі жұмыс істейтіні айтылған. Министрлік олардың қызметін бақылауды күшейту және шетелде еңбек ететін азаматтардың құқығын қорғау үшін цифрлық тетіктер әзірленіп жатқанын мәлімдеген.

Хабарламада QazETA экожүйесі, migration.enbek.kz платформасы негізінде агенттіктердің цифрлық тізілімін іске қосу жоспарланғаны көрсетілген. Ұсынылған модель бойынша агенттіктер мемлекеттік дерекқорлар арқылы тексеруден өтіп, олар туралы ақпарат азаматтарға ашық болуы тиіс. Сондай-ақ азаматпен жасалатын қызмет көрсету шарттарын платформада рәсімдеу, шетелдік жұмыс берушілерді тексеру және вакансияларды бақылау көзделген. Аталған жарияланым бұл шараларды енгізу жоспары туралы хабарлайды; оның негізінде тізілім толық іске қосылып, барлық тәуекел жойылды деп қорытынды жасауға болмайды.

Бұл бастамалардың практикалық мәні түсінікті. Жұмыс іздеген адам агенттіктің кім екенін, қандай міндеттеме алғанын және нақты қай жұмыс берушіге жіберетінін білуі қажет. Қызмет көрсету тізбегі ашық болса, жауапкершіліктің кімге тиесілі екенін анықтау жеңілдейді. Ал делдал, жұмыс беруші және азамат арасындағы келісімдер түсініксіз болған жағдайдарында жолға шыққанға дейін шартты мұқият оқу, бір данасын өзінде сақтау және тәуелсіз заңгермен кеңесу қажеттігі айтылған. Жұмысқа тұру, ақы төлеу және медициналық сақтандыру жағдайлары алдын ала нақтылануы керек. Жалақы мөлшерін білгенмен, одан қандай шығындар ұсталатынын білмеу ұсыныстың шынайы тиімділігін бағалауға кедергі болады.

Құқық бұзылғаннан кейін азаматтың қайда жүгінетіні де мәселенің сипатына байланысты. Еңбекақы жөніндегі дау, делдалдың ақшаны иемденуі және адамды күшпен ұстап отыру әртүрлі әрекетті талап етеді. Нақты елдегі еңбек дауын қарау тәртібі жергілікті заңнамаға байланысты анықталады. Ал қауіпсіздікке тікелей қатер төнгенде жергілікті жедел қызметтерге және Қазақстанның дипломатиялық өкілдігіне хабарласу қажет.

Қазақстанның консулдық қызметі бұл жүйеде маңызды орын алады. Консулдық жарғының 41 және 42-тармақтарында консулдың азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға жәрдемдесетіні және бұзылған құқықтарды қалпына келтіру үшін шаралар қабылдайтыны бекітілген. Жарғы консулға қабылдаушы мемлекеттің билік органдарына өз құзыреті шегінде жүгінуге, азаматтардың жазбаша және ауызша өтініштерін қабылдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар консулдықтың өкілеттігі халықаралық құқық пен қабылдаушы елдің заңнамасы аясында жүзеге асады. Елшілікке хабарласу жалақы дауының бірден шешілуіне немесе талап етілген қаражаттың автоматты қайтарылуына кепіл емес. Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясы азаматтарға көмек көрсетуді, белгілі жағдайларда олардың мүддесін қорғау үшін өкілдікті ұйымдастыруды қарас тырады. Мұның өзі тиісті мемлекеттік рәсімдерді сақтай отырып орындалады.

Көмекке жүгінген азаматтың нақты мәлімет беруі маңызды. Қай жерде жүргені, жұмыс берушінің атауы, қандай жағдай болғаны және өзімен қалай байланысуға болатыны белгілі болса, өтінішті қарау жеңілдейді. Шарттар, төлем түбіртектері мен хат алмасулар оқиғаның мән-жайын түсіндіруге көмектесуі мүмкін. Дегенмен оларды жинау адамның өмірі мен қауіпсіздігінен жоғары қойылмауға тиіс.

Мемлекеттік нұсқаулықта шетелге жұмысқа кететін азаматтарға сапары мен тұратын жері туралы жақындарына хабарлау, елшілік немесе консулдықтың байланысын алдын ала жазып алу ұсынылады. Жұмыс ұсынатын компанияның заңды мекенжайы мен тіркеу деректерін тексеру де қарастырылған. Осындай дайындық қиындық туғанда байланысты қайта іздеп, уақыт жоғалтпауға мүмкіндік береді.

Еңбек миграциясын реттеудегі басты өлшем азаматтың шетелге аттануының қаншалықты жеңіл болғанымен шектелмеуі керек. Оның шартта көрсетілген жұмысқа орналасуы, еңбек ақысын алуы, еркін жүріп-тұруы және қажет болғанда қауіпсіз оралуы маңызды. Делдалдардың ашықтығын арттыру мен цифрлық бақылаудың тиімділігі де осы нәтижелер арқылы бағалануға тиіс.

Бүгінгі ресми ескертулер көрсетіп отырған мәселе – жұмыс іздеген адамның ақпараттық және құқықтық тұрғыдан осалдығы. Оны азайту үшін азаматқа түсінікті кеңес, тексеруге болатын жұмыс ұсынысы, нақты міндеттемесі бар делдал және қолжетімді көмек қажет. Шетелдегі еңбек адамның тұрмысын жақсартуға қызмет етуі тиіс. Ал оның адал табыс іздеген ниеті алаяқтық пен қанаудың құралына айналмауын қамтамасыз ету – мемлекеттік органдардың, еңбек делдалдарының және қабылдаушы тараптың ортақ жауапкершілігі.

**Аружан МӘУЛЕНБАЙ,**
*журналист*

# ПЕДАГОГ – ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ



**Айдос ҚОЖАҒҰЛ,**
*QyzPU-дың аға оқытушысы,*
*PhD доктор*

**ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП САПАЛЫ ПӘНДІК БІЛІММЕН ҒАНА ШЕКТЕЛМЕЙДІ. БҮГІНГІ МЕКТЕП ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН, АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМЫН ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН МАҢЫЗДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТҚА АЙНАЛЫП ОТЫР. СОНДЫҚТАН ПЕДАГОГ ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕСІ ТЕК КӘСІБИ КАДР ДАЙЫНДАУ ЕМЕС, ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН НЫҒАЙТАТЫН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ РЕТІНДЕ ҚАРАСТЫРЫЛУЫ ТИІС.**

Мемлекет басшысы ұсынған «Адал азамат» тұжырымдамасы білім беру саласына да үлкен жауапкершілік жүктейді. Адалдық, әділеттілік, заңға құрмет сияқты құндылықтар адам бойына бір күнде сіңбейді. Олар отбасындағы тәрбие, мектептегі орта, ұстаздың жеке үлгісі арқылы қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда, мұғалім – оқушыға білім беретін маман ғана емес, қоғамдағы құқықтық мәдениеттің алғашқы негізін қалайтын тұлға.

Бала әділеттілікті ең алдымен мектептен көреді. Мұғалімнің баға қоюдағы адалдығы, оқушыға бірдей талап қоюы, ата-анамен қарым-қатынасындағы ашықтығы, кәсіби этиканы сақтауы – мұның бәрі жасөспірімнің құқық пен жауапкершілік туралы түсінігіне тікелей әсер етеді. Демек, болашақ педагогтің кәсіби даярлығы оның пәндік құзыретімен ғана емес, азаматтық ұстанымымен де өлшенуі керек.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті үшін бұл мәселенің мәні ерекше. Өйткені еліміздегі мектептерде еңбек етіп жүрген педагогтердің басым бөлігі – әйел ұстаздар. Университет қабырғасынан шыққан әр жас маман ертең мектепке барып, мыңдаған оқушының көзқарасына ықпал етеді. Сондықтан болашақ мұғалімнің бойында академиялық адалдық, құқықтық сауат, кәсіби жауапкершілік және әлеуметтік сезімталдық қатар қалыптасуы қажет.

## АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ – КӘСІБИ МӘДЕНИЕТТІҢ НЕГІЗІ

Жоғары оқу орнында академиялық адалдықты қамтамасыз ету – тек тәртіптік талап емес. Бұл болашақ маманның кәсіби мінезін қалыптастыратын маңызды тетік. Студент оқу барысында әділ бағалауды, ашық талапты, жауапкершілік пен еңбектің құнын сезінуі тиіс. Себебі, ертең мектепке барған жас педагог дәл осы ұстанымдарды өз шәкірттеріне жеткізеді.

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінде академиялық адалдық мәселесі жүйелі түрде жолға қойылған. Оқу орнында дербес комплаенс қызметі мен Әдеп комиссиясы жұмыс істейді. Бағалау, жатақхана бөлу және басқа да маңызды процестердің цифрлық форматқа көшуі ашықтықты күшейтіп, адами фактордың ықпалын азайтуға мүмкіндік береді. Дипломдық жұмыстар мен диссертациялардың лицензияланған антиплагиат жүйесінен өткізілуі де сапа мен жауапкершілікке қойылатын нақты талаптың көрінісі.

Бұл шаралардың негізгі мақсаты – студентті жазалау емес, оның ішкі кәсіби мәдениетін қалыптастыру. Өйткені академиялық адалдық сыртқы бақылаудан емес, адамның өз еңбегіне, мамандығына және қоғам алдындағы жауапкершілігіне деген құрметінен басталады. Студент кезінде әділетсіздікке бейімделген жас маманның ертең оқушы алдында сөзі де, ұстанымы да салмақты бола қоймайды.

Осы бағытта университетте «Парасат кеңістігі» аясында кездесулер, пікірталастар, кәсіби-этикалық талқылаулар өткізіледі. Мұнда болашақ педагогтер бағалаудағы әділдік, мүдделер қақтығысы, мұғалім мен ата-ана арасындағы байланыс, оқушы құқығын қорғау, педагогтің кәсіби шекарасы сияқты мәселелерді практикалық тұрғыда қарастырады.

## ПЕДАГОГТІҢ ҚОҒАМДЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Бүгінгі мұғалімнің қызметі сынып бөлмесімен шектелмейді. Әсіресе, ауылдық жерде педагогтің қоғамдық рөлі айрықша. Ол оқушыға білім береді, ата-анамен байланыс орнатады, жасөспірімнің тұлғалық дамуына ықпал етеді, кей жағдайда жергілікті ортадағы әлеуметтік мәселелердің де шешілуіне атсалысады.

Сондықтан болашақ мұғалім өз пәнін жетік меңгерумен қатар, қарым-қатынас мәдениетін білетін, дау-дамайды өршітпей шешуге қабілетті, баланың да, ата-ананың да, әріптесінің де құқығын заң аясында түсіндіре алатын кәсіби тұлға болуы қажет. Университетте студенттердің көшбасшылық қабілетін, медиация дағдыларын және кәсіби этикасын дамытуға мән берілуі осы қажеттіліктен туындайды.

## ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК СЕЗІМТАЛДЫҚ

Қоғамның даму деңгейі оның ерекше қолдауды қажет ететін азаматтарға деген қарым-қатынасынан көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, инклюзивті білім беру – тек педагогикалық бағыт емес, гуманистік әрі құқықтық маңызы бар мәселе. Әр баланың сапалы білім алуға құқығы бар және бұл құқық мектеп қабырғасында нақты қамтамасыз етілуі тиіс.

Университетте болашақ мамандарды бейімделген бағдарламалар әзірлеуге, инклюзивті орта қалыптастыруға, ерекше білім беру қажеттілігі



бар балалардың отбасымен кәсіби байланыс орнатуға үйрету маңызды бағыттардың бірі саналады. Бұл педагогтен әдістемелік дайындықпен бірге психологиялық сезімталдықты, сабырды және адам қадір-қасиетіне құрметпен қарауды талап етеді.

Инклюзия ұғымы мектептегі ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеумен ғана шектелмейді. Ол қоғамдағы әр адамның орнын мойындауды, түрлі буын өкілдерімен дұрыс қарым-қатынас орнатуды, әлеуметтік жауапкершілікті сезінуді қамтиды. Осы тұрғыда университеттегі «Күміс университет» жобасының тәрбиелік мәні жоғары. Жоба аясында студенттер аға буын өкілдеріне цифрлық сауаттылық пен қаржылық қауіпсіздік негіздерін үйретіп, қоғаммен жұмыс істеудің нақты тәжірибесінен өтеді.

## ТҮЛЕК САПАСЫ – УНИВЕРСИТЕТ БЕДЕЛІНІҢ ӨЛШЕМІ

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Times Higher Education Impact Rankings жаһандық рейтингінде білім сапасы мен гендерлік теңдік бағыттары бойынша көрінуі – оқу орнындағы жүйелі жұмыстың нәтижесі. Мұндай көрсеткіштер университеттің халықаралық кеңістіктегі орнын айқындап қана қоймай, білім беру сапасына, әлеуметтік жауапкершілікке және тұрақты даму қағидаттарына берілген бағасын көрсетеді.

Дегенмен, педагогикалық жоғары оқу орнының басты нәтижесі рейтингпен ғана өлшенбейді. Ең маңызды көрсеткіш – университет қабырғасынан шыққан түлектің мектепке қандай кәсіби және азаматтық ұстаныммен баруы. Жас маман өз пәнін жақсы білуі мүмкін. Бірақ оның бойында әділеттілік, жауапкершілік, құқықтық сауат және адамға құрмет болмаса, толыққанды педагог ретінде қалыптасуы қиын.

Педагог даярлау ісі диплом берумен аяқталмайды. Бұл – болашақ ұрпақтың құқықтық мәдениетін, азаматтық жауапкершілігін, адамгершілік бағдарын қалыптастыруға бағытталған ұзақ әрі жауапты процесс. Университет қабырғасында әділдік пен ашықтықты көрген, адалдықты кәсіби құндылық ретінде қабылдаған жас ұстаз ертең сол ұстанымды шәкірттеріне жеткізеді.

Сондықтан құқықтық мәдениет туралы сөз қозғағанда, біз ең алдымен мектеп пен мұғалімнің рөлін назардан тыс қалдырмауымыз керек. Заңға құрмет ресми мінберден ғана емес, сыныптағы әділдіктен, ұстаздың жеке өнегесінен және білім беру ортасындағы адалдықтан басталады.

# ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ


**Жазылу индексі:**
**75849**

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде тіркелген
Куәлік №KZ79VPY00081542,
2023 жыл, 9 қараша



Жарияланған мақала авторларының пікірлеріредакция көзқарасымен сәйкес келе бермеуі мүмкін


## ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;

МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛАДЫ;

МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;

ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ КЕРЕК;

МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;

МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;

МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

## РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:


050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: +7 702 468 0208, +7 708 929 9874



Теруге 15.10.2026 ж. жіберілді. Басуға 18.10.2026 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 9. Таралым 1900.
Журнал айына бір рет жарық көреді.
Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,
Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

# ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

## Жазылу индексі: 75849

**Біздің басылымдарда:**

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

**Вы можете:**

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

**Байланыс телефондарымыз:**

Басылымға жазылу құны және оны рәсімдеу мәселелері бойынша:
**8 747 995 6347**

Жарнама мәселелері бойынша телефондар:
**+7 708 929 9874**

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

**Контактные телефоны:**

По вопросам стоимости и оформления подписки и издания:
**8 747 995 6347**

Телефоны для рекламы:
**+7 708 929 9874**

E-mail: **zanreklama@mail.ru**